

**АСТАНА ҚАУІПСІЗ ҚАЛА МА?**

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ



**АЗАМАТТЫҚ НЕКЕ: АЛДАНЫШ ПА?**

8-БЕТ | ҚОҒАМ



**ҚЫТАЙДАҒЫ ТУРИЗМ ЖЫЛЫНЫҢ БЕРЕРІ НЕ?**

9-БЕТ | САРАПТАМА

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біздің күшіміз – бірлікте. Жұртымыз басына түскен тауқыметтің бәрін мызғымас бірліктің арқасында жеңіп келеді. Орасан зор сын-қатерлер пайда болған қазіргі заманда ынтымақ-бірліктің маңызы арта түсті. Қазақстан – бәріміздің қасиетті қара шаңырағымыз. Сондықтан әрбір азамат ел тағдырына өз тағдырындай қарауға тиіс. Біздің күшіміз – ынтымақта.

№58
(4646)
Бейсенбі
16 мамыр
2024 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

# ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАЙҚАЛАДЫ



Сұлтан СЕЙІТ

Елордада «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экология акциясы алғасып жатыр. Ауқымды экоакция аясында ағаш отырғызуға ерекше мән беріліп отыр. Атап айтқанда, биыл қала аумағында миллион жасыл желек отырғызылады. Қала ішінде 500 мың ағаш, ал елорданың айналасындағы «Жасыл белдеу» дәл сонша ағаш отырғызу жоспарланған.

4

## ЕЛОРДАДА ЖАҢА АУДАН ҚҰРЫЛАДЫ

Астана қаласының Қоғамдық кеңесі елорданың Алматы ауданын екіге бөлу бастамасына қолдау білдірді.



Астана қалалық Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алтынбек Ахметовтің айтуынша, қалалық мәслихат Алматы ауданын екі дербес әкімшілік бөлікке бөлу туралы шешім қабылдаған.

«Солтүстігі өзінің тарихи атауын сақтап қалса, оңтүстігі жаңа атаумен белгіленеді. Жоспарланып отырған екі әкімшілік бірлік арасындағы шекараны үлкен көлік магистралдары арқылы өткізу көзделген. Шекара сол жағалаудан оң жағалауға қарай өтетін көпірден басталып, Сарайшық көшесі бойымен болады. Одан кейін шекара Р.Қошқарбаев даңғылы бойымен теміржол желісі қиылысына дейін, теміржол желісінен қаланың шекарасына дейін созылады» деді басқарма басшысы.

Жаңа шекарасы шегенделетін Алматы ауданының аумағы 8518 гектарды, халық саны 200 мыңнан астам адамды құрайды. Ал жаңа ауданның аумағы 6953 гектар болмақ. Онда 183 мың адам тұрады. Бас жоспарға сәйкес, алдағы уақытта аудан халқы 424 мың адамға жетпек.



## ЖАППАЙ ВЕЛОЖАРЫС ӨТЕДІ

19 мамырда сағат 8:00-ден бастап Астанада жаппай веложарыс өтеді, оған кез келген адам қатыса алады.

Велосипедшілер айналма веложолдан (Қосшыға қарай 25 км қашықтықта) бастап, «Үркер» тұрғын алабының «Жасыл белдеу» саябағында аяқтайды. Веложарысқа қатысуға ниет білдірушілерді тіркеу іс-шара өтетін күні сағат 08:00-ден 08:30-ға дейін жалғасады. Басталуы – 09:00. Жарыс аяқталғаннан кейін мәреге тіркелген қатысушылар арасында лотерея және бағалы сыйлықтар ұтыс ойыны өтеді. Әр қатысушыға өзінің велосипедімен жүруге рұқсат етіледі.

## «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»: БАЙҚАУ БАСТАЛДЫ

Мәдениет және ақпарат министрлігі жыл сайын өтетін «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысуға өтінімдер қабылдауды бастады.

Адамгершілік қасиеттерді жандандыруға, отбасы мәртебесі мен құндылығын арттыруға бағытталған ұлттық конкурсқа еңбек пен спортта, шығармашылық және зияткерлік салаларда, ғылым мен өнерде жетістігі бар отбасылар, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке белсенді араласатын отбасылар қатыса алады. Конкурсқа қатысуға өтінімдер 15 мамырдан 15 маусымға дейін өңірлік комиссияларда қабылданады.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағы Қазақстанның барлық өңірінен танылған 20 үздік отбасыға беріледі. Конкурс лауреаттарын салтанатты марапаттау рәсімі қыркүйектің әр екінші жексенбісінде аталып өтетін Отбасы күні қарсаңында Астана қаласында өтеді» делінген Мәдениет және ақпарат министрлігі баспасөз қызметінің хабарламасында.



# ЕКІЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Германия экономикасы Шығыс комитетінің басқарма төрағасы Катрина Клаас-Мюльхойзерді қабылдады. Кездесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Германия экономикасы Шығыс комитетінің басқарма төрағасы және CLASS Group компаниясы байқаушылар кеңесінің төрағасы Катрина Клаас-Мюльхойзер екіжақты экономикалық ынтымақтастықты одан әрі нығайту перспективасын талқылады.

Мемлекет басшысының айтуынша, Германия Қазақстанның Еуропа Одағындағы стратегиялық серіктесі саналады. Сауда-экономикалық қатынастар қарқынды дамып келеді. Сондай-ақ неміс бизнесі Қазақстандағы үлесін кеңейтуге қызығушылық танытып отыр.

Президент былтыр Қазақстанға Германиядан тартылған тікелей инвестиция көлемі 64 пайызға өсіп, 770 миллион долларға жеткенін атап өтті. Бұл – рекордтық көрсеткіш.

Кездесуде ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық мәселесіне де ерекше назар аударылды. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейін Орнықты егіншіліктің аймақтық орталығын құру жөнінде ұсыныс айтқанын еске салды. Президенттің пікірінше, бұл орталық еліміздің ауыл шаруашылығы әлеуетін барынша толық пайдалануға, инновациялық технологияларды енгізуге және оларды коммерцияландыруға ықпал етеді. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Қазақстанның аграрлық әлеуетін дамытуға CLASS зауытының қосқан үлесін жоғары бағалады.

# МӘДИЕВКЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиевті қабылдады.

Президентке ведомствоның қазіргі қызметі мен жұмыс жоспары жөнінде баяндалды. Жаслан Мәдиевтің айтуынша, мемлекеттік басқаруды және басқа да салаларды цифрлық трансформациялау үшін институционалдық база қалыптасқан. Реинжиниринг міндеттемесі заң жүзінде бекітіліп, 600-ден астам бизнес-процесс қайта қаралған. Сондай-ақ GovTech платформалық тәсілі арқылы цифрлық трансформациялау үдерісі басталған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жасанды интеллектіні енгізу, сондай-ақ AI-driven government экожүйесін қалыптастыру жолдары жөнінде мәлімет берілді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына отандық IT-компаниялардың экспорт нарықтарына шығу перспективасы туралы баяндалды.

Кездесу соңында Президент мемлекеттік басқару ісін сапалы түрде цифрландыру, халықаралық IT-алпауыттармен ынтымақтастықты жандандыру және экономиканың түрлі секторында жасанды интеллектіні одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

# ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫН НЫҒАЙТАДЫ

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Палатаның бір топ депутатымен бірге әйелдерге арналған «Бақытты отбасы» білім және ақпарат-консультация орталығына барды. Орталық жетекшісі Ырза Тұрсынзада «Бақытты отбасы», бірінші кезекте, көпбалалы, мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған, жұмыссыз, қиын жағдайға тап болған және жалғызбасты аналарға жан-жақты қолдау көрсететін платформа екенін айтты.

Мекемеде мамандандырылған кабинеттер жұмыс істейді. Сондай-ақ кондитерлік іс, тоқыма, ағылшын тілі, жұмсақ ойыншықтар тігу және тағы басқа кәсіп түрлерін үйрететін тегін курстар қарастырылған. Мұның бәрі – әйелдерге өзін-өзі дамытуға және жеке кәсібін бастауға жол ашатын қадам.

Мәулен Әшімбаев әйелдер құқығын қорғауда және инклюзивті Қазақстан қалыптастыруда осындай орталықтардың маңызы зор екенін атап өтті. Сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарды қолдауға және оларды оңалтуға, аталған санаттағы азаматтардың қоғам өміріне белсенді араласып, жұмыспен қамтылуына арналған шаралардың берері мол екені айтылды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша отбасы институтын нығайтуға, әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға арналған заңдар әзірленіп, қабылданды. Осы заңдар арқылы мемлекеттік отбасы саясатын қалыптастыруға жауапты уәкілетті органның мәртебесі айқындалды. Өмірде қиын жағдайға ұшыраған отбасыларды қолдауға арналған ережелер де қарастырылды. Сондай-ақ әйелдер мен балаларға қарсы қылмыстың жауапкершілігі күшейтілді. Мемлекет басшысы белгілеп берген осы бағыттағы міндеттерді іске асыруда «Бақытты отбасы» сияқты орталықтар маңызды рөл атқарады. Алдағы уақытта бірлескен жұмысымыз мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жайлы жағдай жасауға және отбасы институтын нығайтуға тың серпін береді деп сенеміз» деді Мәулен Әшімбаев.

Жүздесу соңында орталық басшысы жаңа бастамаларға қолдау білдіріп, ынтымақтастық танытқаны үшін сенаторларға алғыс айтты, алдағы жоспарларына тоқталып, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға арналған жаңа ұсыныстарын атап өтті.

# ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады. Президентке еліміздегі криминогендік ахуал туралы мәлімет берілді. Ұсынылған ақпаратқа сәйкес жыл басынан бері қылмыс деңгейі төмендеген. Ұрлық, тонау, қарақшылық, бұзақылық, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық, мас күйінде және көшелерде жасалатын құқық бұзушылықтардың саны айтарлықтай азайған.

Министр қылмыскерлерді іздестіру жұмысының нәтижесі туралы да баяндады. Атап айтқанда, жыл басынан бері 782 адам, оның ішінде 79 азамат шетелде ұсталды. Іздеуде жүрген 16 адам елге экстрадицияланды.

Президентке адам көп жиналатын жерлерде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ақпарат берілді. Террористік әрекет тұрғысынан алғанда осал екі мыңнан астам нысан, соның ішінде мектептер, жоғары оқу орындары, сауда және ойын-сауық орталықтары, концерт залдары мен басқа да тарихи-мәдени ғимараттар тексерілді.



Сонымен қатар Ержан Сәденов көші-қон ісін бақылау жұмыстары жайында есеп берді. Жыл басынан бері елімізге 4,2 миллион шетел азаматы келіп, оның 4 миллионға жуығы шекарадан кері шыққан. Олардың 90 пайызы – ТМД азаматтары.

Мемлекет басшысына ұйымдасқан, кибер және есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл жөніндегі, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың, оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, су тасқыны салдарын жою, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кезектен тыс аттестациялау бағыттарындағы тапсырмаларының орындалу барысы таныстырылды.

Бұдан бөлек, министр көшелердегі қауіпсіздік деңгейін арттыру және құқық бұзушылықтарға мүлде төзбеушілік қағидатын қамтамасыз ету үшін қабылданып жатқан шаралар туралы айтты. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

# «ҚАЗПОШТА»-ның ЖАЙ-КҮЙІН ТАНЫСТЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы Әсел Жанасованы қабылдады. Президентке «Қазпошта» акционерлік қоғамының былтыр атқарған қызметінің нәтижесі және компанияның қазіргі қаржылық жағдайы жөнінде мәлімет берілді.

Әсел Жанасованың айтуынша, компания соңғы 5 жылда алғаш рет 2,4 миллиард теңге көлемінде пайда тауып, акционерге 1,5 миллиард теңге дивиденд төлеген. Салық аударымдары мен баж алымдарының жалпы көлемі 32,7 миллиард теңгені құрады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа былтыр «Қазпошта» арқылы жеткізілетін сәлемдемелердің саны 35 пайызға көбейіп, оларды ел аумағында жеткізу жылдамдығы екі есе артқаны туралы баяндалды.

Мемлекет басшысына «Қазпошта» акционерлік қоғамы мен YTO Express Group компаниясы арасында серіктестік қатынас орнағаны жайында айтылды. «Қазпошта» Алматыда ауданы шамамен 40 мың шаршы метр болатын «А» санатындағы жоғары технологиялық қойма салуға ниетті. Нысан Еуразия кеңістігінде негізгі транзит торабына айналуға тиіс әрі Қытайдан ЕуроОдақ, Еуразиялық экономикалық одақ және Орталық Азия бағыттары бойынша Қазақстанның жүк өткізу әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар Президентке отандық компанияның ел аумағындағы инфрақұрылымы мен бөлімшелер желісінің қазіргі жай-күйі таныстырылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазпошта» акционерлік қоғамының қаржылық жағдайын жақсарту және логистикалық әлеуетін арттыру жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

# 10,2 МЫҢ АБОНЕНТ ГАЗҒА ҚОСЫЛҒАН

Елордада газға қол жеткізу 12,2 мың абонентпен қамтамасыз етілген, яғни 200 мыңға жуық адамды құрайды. Газға 10,2 мың абонент қосылған. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Бүгінде «Көктал-1», «Көктал-2», «Агроқалашық», «Железнодорожный», «Промышленный», «Оңтүстік-Шығыстың» оң жағы, «Оңтүстік-шығыстың» сол жағы, «Күйгенжар», «Мичурин», «Интернациональный», сондай-ақ «Ақбидай» мен «Қазақауылдың» үш шағын аудандарында және қаланың ескі бөлігі – Г.Потанин көшесі аудандарында қосылды. 2023 жылы «Тұран», «Тельман», «Оңтүстік-Шығыс» қазандықтарына және «Ильинка», «Тельман», «Пригородный», «Family Village», «Өндіріс» тұрғын алаптарына газ жеткізу желілерінің құрылысы аяқталды. Қала бойынша 10,3 мыңнан астам техникалық шарт берілді, 50 мыңнан астам адамға кеңес берілді. Бүгінде «Family Village», «Шұбар» тұрғын алаптарында газ құбыры желілерінің құрылысы жүргізілуде. Жобалық-іздестіру жұмыстары «Ильинка», «Тельман», «Пригородный» тұрғын алаптарында жүзеге асырылуда. 2026 жылға қарай 300 мыңға жуық адам газбен қамтамасыз етіледі деп күтілуде» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

# ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫН ӘКІМДЕР БАҚЫЛАЙДЫ

Астана қаласында Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында туризмді дамыту мәселелері қаралды. Өткен жылғы қыркүйектегі Президенттің халыққа арнаған Жолдауында айтылған тапсырмаларын жүзеге асыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев, сондай-ақ бұқаралық туризмді дамыту мен инвесторларды тартудың әлеуеті жоғары бірқатар өңірдің басшылары баяндама жасады.

**ҚАЗАҚСТАНҒА 9,2 МЛН ТУРИСТ КЕЛДІ**

Өткен жылдың қорытындысы бойынша туризм саласы негізгі көрсеткіштер бойынша тарихи ең жоғары деңгейге жетті. Қазақстанға 9,2 млн шетелдік келді, сондай-ақ отандық туристер саны 9,6 млн адамнан асты. Орналастыру орындары туристерге 230 млрд теңгенің қызметі көрсетіліп, қазына 450 млрд теңге салық түсімімен толықты. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі өткен жылы 53 пайызға артып, 787 млрд теңгені құрады. Биыл I тоқсанның қорытындысы бойынша салаға салынған инвестиция 3 есеге өсіп, 177 млрд теңгеге жетті.

Сонымен қатар Олжас Бектенов инвестициялар тарту сонымен қатар нарықта бәсекенің болмауы қызмет көрсету бағасының қымбаттауына алып келеді. Бәсеке жоқ жерде сервис сапасы да ақсай беретіні анық. Мұндай тәсілдер өзгермейінше, сыртқы туризм кеңінен танымал болып қала береді. Бұл ретте Қазақстанның табиғаты мен әсем жерлері еліміздe экологиялық, мәдени, зиярат ету және емдік-сауықтыру туризмін дамытуға зор мүмкіндік береді. Сондай-ақ Үкімет отырысында «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасы Райымбек Баталов пен Orient Finance Group компаниялар тобының өкілі Руслан Шаекин сөз сөйледі. Туризм инфрақұрылымын одан әрі дамыту және сервисті жақсарту мақсатындағы мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимыл тетігіне назар аударылды.

Сонымен қатар нарықта бәсекенің болмауы қызмет көрсету бағасының қымбаттауына алып келеді.

дермен қатар, алыс шетелдердің де тәжірибесін зерттеп көру қажет. Елімізде табиғи туристік аймақтар шалғай орналасқан, сондықтан шағын авиацияны дамыту өте өзекті. Кішігірім ұшақтар мен тікұшақтарға бетон жолақтар қажет емес, шағын инфрақұрылым салса жетіп жатыр. Бұл біздің табиғи және тарихи аймақтарымыздың әлеуетін арттырып, турлардың жаңа пулын қалыптастыруға ықпал етеді» деді Премьер-министр.

**АГРО ЖӘНЕ ЭКОТУРИЗМГЕ ЖОБАЛАР ҚАЖЕТ**

Мәселені қарау қорытындысы бойынша Олжас Бектенов бірқатар тапсырма берді. Атап айтқанда, Көлік, Туризм және спорт министрліктері мен



деңгейінің төмендеуі тіркелген, туристік әлеуеті толық іске асырылмаған бірқатар өңірді атап өтті. Бұл – Атырау, Қарағанды, Павлодар, Ақмола, Батыс Қазақстан және Жетісу облыстары. Олардың әкімдеріне инфрақұрылым мәселелерін кешенді түрде шешіп, қызмет көрсету сапасын түбегейлі жақсарту тапсырылды.

**ЕЛІМІЗГЕ ВИЗАСЫЗ КЕЛЕ АЛАДЫ**

Бүгінгі таңда 82 елдің азаматтары Қазақстанға визасыз келе алады, 29 елге 108 бағыт бойынша халықаралық әуе қатынасы жүзеге асырылады. Алайда туристер ыңғайсыз демалыс орындары мен ондағы санитариялық талаптарға сай келмейтін қолайсыз жағдайларға мойынсұнуға мәжбүр.

**ИНВЕСТОРЛАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ**

Премьер-министр Олжас Бектенов мемлекет тарапынан туристік аймақтарда инфрақұрылым қамтамасыз етіліп, инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасалатынын атап өтті. Өз кезегінде бизнес тарапы туристік аумақтарды ұқыпты пайдалануды және қолайлы бағамен сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуі керек. Бұл әуе және теміржол билеттерінің бағасына да қатысты. Шағын азаматтық авиация мүмкіндігін де туризмді дамытуға пайдалануға болады.

«Ол үшін Көлік министрлігі инфрақұрылымды қайта қарап, әлеуетті инвесторларды тарту үшін тиісті жағдай жасауы тиіс. Сонымен қатар қауіпсіздік мәселелерін пысықтап, көршілес ел-

әкімдіктерге демалыс аймақтарындағы инфрақұрылым жобаларының аяқталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп пойыздар санын көбейтіп, авиабилеттерге баға белгілеу мәселесін шешу тапсырылды. Бұған қоса, Туризм және спорт министрлігіне өңір әкімдіктерімен бірлесіп, агро және экотуризмді дамыту мақсатында жаңа жобалар әзірлеу қажет. Сонымен қатар әкімдіктер жаңа дестинация орындары мен туристерді тарту мәселесін пысықтауы тиіс. Сондай-ақ Ішкі істер және Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірге туристік нысандардың жазғы маусымға дайындығын қамтамасыз етіп, саяхаттаушылардың қауіпсіздік шараларын қабылдауы қажет. Өңір әкімдері туризм саласын дамыту мәселесін тікелей бақылауға алады.

# АСТАНАДА 810 СПОРТ ІС-ШАРАСЫ ӨТЕДІ

Биыл Астанада 810 спорт іс-шарасын өткізу жоспарланған. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Бұқаралық спортты дамыту – Amanat партиясы елордалық филиалының сайлауалды уәделерін орындау бойынша Жол картасының басым бағытының бірі. Елорда тұрғындары үшін велоспорттың ашылуы, ат спорты түрлері бойынша жарыстар, «Астана марафон-2024» сайыстары күтіп тұр. Статистикаға сәйкес, Астанада дене шынықтыру, спорт және дене сауықтыру бағытындағы 1081 ұжым қызметін жүзеге асырады, олардың сабақтарына жүйелі түрде 551692 адам қатысады, бұл қала тұрғындарының жалпы санының 39,1 пайызын құрайды. Астана қаласында 1000 адамға шаққанда халықтың спорт инфрақұрылымымен орташа қамтамасыз етілуі 34,25 пайызды құрайды» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

Ерлан Каналимовтың айтуынша, елордалық мәслихат қалалық әкімдікпен бірлесіп дене шынықтыру мен Бұқаралық спортты дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарын әзірледі. Ең алдымен, бұл – спорт мекемелерінің материалдық-техникалық базасымен толық жарақтандыру, сондай-ақ көпфункционалды спорт объектілерін салу. Кешенді жоспарда 14-спорт нысанын салу көзделген, оның ішінде 5-еуі қаланың жалпы білім беретін мектептері жанынан салынады.



# ЖОЛ ЖҮРІСІ ТУРАЛЫ ЗАҢ: НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Мәжіліс «Жол жүрісі туралы» заңға және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске көлік құралдарының жекелеген түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерді екінші оқылымда қабылдады.

**МОПЕДТЕР – КӨЛІК ҚҰРАЛЫ**

Негізгі заңда шағын электрлі және көлік құралдарының жекелеген түрлерінің қозғалысын бақылау ұсынылады. Бұл мопедтерді пайдалану мен қозғалыс ережелерін реттеуге көмектеседі. Осыған байланысты қозғалтқыш көлемі 50 текше сантиметрден төмен мопедтер автокөлік құралына жатқызылады. Олар тіркеуден өтіп, мемлекеттік нөмірді алуы қажет. Сонымен қатар заң жобаларын пысықтау кезінде елге әкелінген мопедтердің көптігіне қатысты тәуекелдер де ескерілді. Осы жұмысты ұйымдастыру кезінде жаппай ажиотажға жол бермеу үшін оларды тіркеудің жаңа талаптары заңға қол қойылған соң 6 айдан кейін күшіне енеді. Бұл уақыт мұндай мопедтерді «заңдастыру» үшін беріледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске тиісті өзгерістер енгізіледі. Мопедтерді басқару үшін азаматтар уәкілетті органда міндетті тіркеуден және жыл сайынғы техникалық байқаудан өтеді. Сонымен қатар азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды рәсімдеуі қажет. Тағы бір маңызды талап – «А1» санатындағы жүргізуші куәлігін алу. Ол «А», «В» және «С» санатындағы жүргізушілерге қосымша дайындықсыз автоматты түрде беріледі. Сондай-ақ жүргізуші куәлігіне қатысты мәселелерді шешуге 6 ай уақыт беріледі. Бұл ретте мопед жүргізушілері де автокөлік жүргізушілері сияқты жауапкершілікке тартылады. Бұрын жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін олар басқа жол қозғалысына қатысушылар сияқты ӘҚБтК-нің 615-бабына сәйкес 2 АЕК мөлшерінде айыппұлмен жазаланатын. Енді ереже қабылданғаннан кейін автокөлік жүргізушілері секілді мопед жүргізушілеріне де барлық жауапкершілік жүктеледі. Мәселен, тыйым салынған бағдаршамнан өткені үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 599-бабында көзделген 10 АЕК көлемінде айыппұл салынады.

Қазір мас күйінде мопед жүргізу ӘҚБтК-нің 440-бабы бойынша жауапкершілікке тартылады. Оған сәйкес қоғамдық орындарға мас күйінде шыққандарға 5 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Ереже қабылданғаннан кейін мопед жүргізушілері ӘҚБтК-нің 608-бабы – жүргізушінің көлік құралын алкогольдік масаң күйде басқаруы бойынша жауапкершілікке тартылады. Бұл бап бойынша 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алу және 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыру қарастырылған.

**7 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ҚҰЖАТ АЛА АЛМАЙДЫ**

Заң қабылданғаннан кейін жүргізуші куәлігі жоқ және оны алмай тұрып көлік құралын басқарған, оның ішінде алкоголь немесе есірткі қолданған, мас күйінде жауапкершілікке тартылған тұлғалар 7 жылға дейін емтихан тапсыруға жіберілмейді. Қазіргі таңда олар әкімшілік жазаны өтеп, емтиханды оңай тапсырып, жүргізу куәлігін ала алады. Осыған ұқсас айыптар бойынша жауапқа тартылған жүргізушілер 7 жылға көлік жүргізу құқығынан айырылады.

**ОРТАША ЖӘНЕ МАКСИМАЛДЫ ЖЫЛДАМДЫҚ ЕНГІЗІЛЕДІ**

Негізгі заңда «орташа жылдамдықты» енгізу мен республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жылдамдықты шектеуді бақылаудың жаңа тәртібі көзделген. Ол аттестатталған бақылау-өлшеу құралдары мен аспаптары орнатылған жолдардың түзу учаскелерінде және қала сыртындағы айналма жолдар жоқ жерлерде автоматты түрде есептеледі. Бүгінде республика бойынша 94 қондырғы орнатылған. Түзетулер мұндай жолдарда жүргізушілердің жылдамдықты азайтып, оның салдарынан болатын апаттардың санын азайтады. Бұл ретте «орташа жылдамдықты» асырғаны үшін жауапкершіліктің жаңа түрі енгізілмейді. Қолданыстағы ӘҚБтК-нің 592-бабында белгіленген жылдамдықты 10-нан 20 км/сағ асырғаны үшін 10 АЕК айыппұл түріндегі жаза қарастырылған. Сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске көлік құралдарында белгіленген жылдамдықты 60 км/сағ және одан да асырғаны үшін 40 АЕК көлемінде айыппұл түріндегі қатаң әкімшілік жауапкершілік енгізіледі.

**ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУҒА ТАЛАП КҮШЕЙЕДІ**

Көлік құралдарын техникалық байқаудан өткізумен айналысатын ұйымдардың жұмыс тәртібі хабарлама жіберуден рұқсат беруге ауыстырылады. Енді олар өз қызметін бастаған кезде құжаттар пакетін ұсынуы және тиісті материалдық-техникалық базасы болуы қажет болады. Тексеру процедурасының өзіне және оны бақылауға қойылатын талаптар да артады. Осы өзгерістер техникалық ақаулары бар көліктер де жол қозғалысына жіберіле беретін формальды техникалық байқауларды жою үшін енгізіліп отыр. Бұл өз кезегінде жол-көлік оқиғалары, соның ішінде өлім-жітімнің көбеюі мен пайдаланылған газдардағы зиянды заттар деңгейінің жоғарылауына әкеп соғады. Соңғысы – елді мекендерде аурулар мен улануларға себеп болатын газдың жоғары ластану факторының бірі.

**ЕМТИХАНҒА ӨЗ БЕТІНШЕ ДАЙЫНДАЛМАЙДЫ**

«Жол жүрісі туралы» заңда көлік жүргізушілерін оқытуға қатысты түсіндірмелер енгізілген. Енді оларды оқыту арнайы білім беру ұйымдарында ғана жүзеге асырылады, яғни өз бетінше оқыту алынып тасталды. Сонымен қатар оқу және емтихан тапсыру кезінде нұсқаушылар көлік жүргізісі болады. Ал қалаларда оқыту келісілген бағыттар бойынша және көлік жүргізуді үйрететін маманның (нұсқаушының) қатысуымен жүргізілуге тиіс.

Дайындаған **Төлен ТІЛЕУБАЙ**



# ИНВЕСТИЦИЯ ЖОБАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Өңірлік инвестиция штабы отырысында Астана қаласы әкімі Жеңіс Қасымбектің басшылығымен инвестиция жобалары талқыланды.

Отырысқа ірі шетелдік инвесторлар да қатысты: «YDAholding» түркиялық компаниясы, «GE HealthCare» америкалық компаниясы, сондай-ақ отандық инвесторлар: «ТОКК «Қазақстан» ЖШС, «Land Invest Group» ЖШС және т. б. Қатысушылар отандық және шетелдік инвесторлардың араласуымен жүзеге асып жатқан жобалардың қазіргі мәселелерін, оның ішінде олардың тиімді болуына қатысты мәселелерді қарастырды. Мысалы, «YDA» түрік компаниясы өңдеуші өнеркәсіпте жалпы инвестиция сомасы 32,6 млрд теңгеге 2 жобаны және жалпы сомасы 165 млрд теңгеге жуық денсаулық сақтау саласындағы 2 жобаны іске асырып жатыр.

«Астана-Технополис» АЭА аумағында америкалық «GE HealthCare» компаниясы медициналық жабдықтарды өндіру жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру үшін жер учаскесі белгіленді. 27 млрд теңгеге жуық сомаға жобаны іске асыру 6 мың жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Отандық инвестор «ТОКК «Қазақстан» ЖШС елордада өзінің екінші ірі инвестициялық жобасын іске асыруға кірісті. Ол жалпы инвестиция сомасы 55 млрд теңгеге тамақ өнімдері мен металл қақпақтарға арналған консерві (алюминий) банкаларын өндіруді көздейді. Зауыттың өндіріс қуаты жылына 1 млрд өнімді құрайды.

Отандық инвесторлар елорданың Алматы, Нұра және Есіл аудандарында көлемі 3500 шаршы метр болатын 3 мектеп салуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ отырыста елордадағы апатты үйлерді жаңарту бағдарламасы аясында «Land Invest Group» ЖШС-тің ескі тұрғын үйлерді жаңарту орындарында коммерциялық инфрақұрылым құру туралы ұсынысы қаралды. Бұл ұсыныстың оң әсері – қалаға жеке инвестицияларды тарту, тұрғын үй қорын жаңарту, елорданың сыртқы келбетін жақсарту.

№1 индустриалды парк ауданында «Темірсервис Астана» ЖШС, «Central IndustrialPark» ЖШС қатысуымен теміржол жүк ауласын, өнеркәсіп-өндіріс қоймасы кешенін қамтитын логистика хабын салу бойынша 2 жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Өңірлік инвестиция штабы отырысы ай сайын өтеді, онда әрбір жоба мүдделі мемлекеттік органдар мен коммуналдық қызметтердің қатысуымен жеке қаралады.

# АДАЛ ЕҢБЕК НӘТИЖЕГЕ ЖЕТКІЗЕДІ



Астанадағы Достық үйінде «Адал азамат – адал еңбек – адал табыс» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтті.

Аталған іс-шараны Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың берген тапсырмаларын іске асыру мақсатында ұйымдастырды. Оған қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары, елорданың құрметті ардагерлері мен зиялы қауым өкілдері, т. б. қатысты.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарына соңғы 2,5 жыл ішінде 11 мыңнан астам егде жан келіп жүр.

– Құрылтай тұжырымдамасына сәйкес, жиналғандар «Ұрпақтар сабақтастығы» тақырыбын талқылап, адал еңбектің жетістікке әкелетіні туралы ой-пікірімен бөлісті. Сондай-ақ «Ұрпақтар сабақтастығын» жалғастыруда зейнеткерлердің мол тәжірибесі мен нақыл сөздері маңызды екені айтылды, – деді Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Мұхтар Еркетаев.

Сондай-ақ отырыс барысында батыр-полицей Арман Сәрсембаевқа құрмет көрсетілді. 2022 жылы Қаңтар оқиғасындағы батылдығы ескеріліп, «Ерлігі үшін» медалі табысталды. Ол отырыста адал еңбектің жетістікке әкелетіні туралы ой бөлісті.

– Қызметке тұрғанда ант бердік. Сол антты бұзбай, елге адал қызмет етеміз. Адал еңбек адал табысқа, нәтижеге, жетістікке әкеледі. Кез келген еңбек бағаланады. Бұған менің көзім жетті. Өзім Ішкі істер министрлігінде 2011 жылдан бері қызмет етемін, – деді полиция майоры Арман Сәрсембаев.

Сонымен қоса, жиында «Адал азамат – адал еңбек – адал табыс» атты дөңгелек үстелде блиц-сауалнама мен орталықтың қызметі туралы бейнематериал көрсетілді.

**Сәбина КӘКІМЖАН**

# АТАҚТЫ БОКСШЫЛАР АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ

Елордада «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экология акциясы өтіп жатыр. Оған қала тұрғындарымен бірге белгілі спортшылар да үн қосты.



Бас қаланы көгалдандыруға бокстан ұлттық құраманың бас бапкері Мырзағали Айтжановпен бірге Сәкен Бибосынов, Махмұд Сабырхан, Асланбек Шымберген, Нұрбек Оралбай, Қамшыбек Қоңқабаев сынды белгілі боксшылар қатысты.

Кезекті сенбілікке сонымен қатар №3 балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілері белсенді атсалысты. Олар бірлесіп барлығы 30-ға жуық жөке ағашын отырғызды.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, бүкіл ел бойынша «Таза Қазақстан» экология акциясы өтіп жатыр. Алматы ауданында ағаш отырғызуға қатыстық. Елорданың барлық тұрғынын қаланың дамуы мен тазалығына үлес қосуға шақырамын. Тазалықты әркім өз ауданынан бастауға тиіс, – деді боксшы, Париж Олимпиадасына жолдама иегері Айбек Оралбай.

Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Исламбек Байманов экоакцияның көмегімен жастарды, елорда тұрғындары мен қонақтарын спортпен шұғылдануға, қаланың тәртібі мен тазалығын сақтауға шақырды.

Ауқымды экоакция аясында қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық канализациясы, көшелерді, тротуарларды, кварталішілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмысы жүріп жатыр. Сондай-ақ жасыл желектерді күтіп-ұстау және отырғызу, сауда объектілеріне іргелес аумақтарды жинау, көгалдар мен гүлзарлар орнату, рұқсат етілмеген полигондарды жою жұмысы жүргізілуде.

# БАТЫР МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛДЫ

Астанада Кеңес Одағының Батыры, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Іс-шара Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ұйымдастырылды. Оған Қорғаныс министрлігі басшылығының өкілдері, ҚР Қарулы Күштерінің ардагерлері, Сағадат Қожахметұлының көзін көргендер, батырдың есімімен аталатын елордалық әскери колледждің оқытушылары, студенттері, кадеттері және «Жас сарбаз» балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері қатысты.

Конференцияға қатысушыларға арналған алғысөзінде Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов конференцияның негізгі мақсаты армия генералы С.Нұрмағамбетовтің әскери мұрасын зерделеу, батырдың тәуелсіз Қазақстанның Қарулы Күштерін құруға және оны дамытуға қосқан үлесін бағалау екенін атап өтті.

– Қазақ даласы ежелден даңқты батырларымен белгілі, олардың есімдері тарихта да, халық жадында да мәңгі сақталған. Туған халқы үшін өмірін беруге дайын ұлдардың бірі нағыз Отан қорғаушы Сағадат Қожахметұлы еді. Біз оның қалдырған мұрасын мұқият сақтап, ұрпаққа өнеге ретінде жеткізуіміз керек, – деді ректор.

Қорғаныс министрлігі тәрбие және идеология жұмысы департаментінің бастығы, әділет полковнигі Тілеухан Басқожаев бірінші Қорғаныс министрін еске алу туралы ведомствоның жоспарындағы жұмыс жайлы айтып берді. Ол С.Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институтында батырдың 100 жылдығына арналған «Әскери ант» отандық сериалы түсіріліп, экранға шыққанын еске салды.

– Ол кісі мен үшін әкемдей болды. Біз ол кісіні үлгі етіп өстік. Көп нәрсені үйретті. Кадрларды қалай таңдау керегін жақсы білетін. Өмірдің барлық қиындығына қарамастан, ол сынған жоқ, қайта рухы күшейе түсті. Сынға шыңдала түсетін нағыз күрескер адам еді. Бізге де қиындыққа мойымауды үйретті. Ендігі жерде біздің міндетіміз – келер ұрпақты елін, жерін қастерлеуге тәрбиелеу, – деді генерал-лейтенант Абай Тасболатов.

Конференция барысында батырдың немересі Лира Нұрмағамбетова естеліктерімен бөлісті. Оның айтуынша, Сағадат Қожахметұлы өте қарапайым, бірақ талапшыл және жауапты адам болған. Есте сақтау қабілетінің мықтылығы сондай, ол өміріндегі көптеген оқиғаны бүгешігесіне дейін айта алатын. Батыр Отанға, халыққа адал әрі жанқиярлық қызметімен кейінгілерге үлгі болып, оның бейнесі ел жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

# ҚЫЗДАР КЛУБЫ АШЫЛДЫ

Астана қаласы әкімдігінің кәсіптік-техникалық колледжінде «Сырғалым» атты қыздар клубы салтанатты түрде ашылды. Халықаралық отбасы күніне арналған іс-шара Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссияның қолдауымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру аясында ұйымдастырылды.



– «Сырғалым» қыздар клубы – бұл коммуникацияның қосымша арнасы ғана емес, жеке және кәсіби дамудың қуатты ресурсы. Онда белгілі бір дағдыларды алуға және жайлы жағдайда уақыт өткізуге мүмкіндік бар. Колледжде оқитын студенттер – клуб мүшелері әрі клуб жетекшісі. Комиссия мүшелерінің арасынан тәлімгерлер бекітілді. «Сырғалым» клубында тәрбиеленушілердің әрқайсысының кәсіби өсуі үшін қуатты ресурс болатын қосымша коммуникациялар арнасы әзірленеді. Мұнда қыздар өздеріне ыңғайлы жағдайда белгілі бір дағдыларды игере алады. Яғни «Сырғалым» қыздар клубы – бұл колледжде оқитын және қолданбалы өнермен айналысуға, ұлттық дәстүрлерді жаңғыртуға мүмкіндігі бар студенттердің бірлестігі. Колледж студенттері бізге әдемі ұлттық костюмдерді көрсетті. Сондай-ақ әйелдер істері жөніндегі комиссия мүшелері осы колледждің балаларына бекітілгенін атап өткім келеді, – деді әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссияның бас инспекторы Қарлығаш Саркенова.

Іс-шараға елорда әкімдігінің өкілдері, колледждің индустриалды және қамқоршылық кеңестері, қоғам қайраткерлері, үкіметтік емес ұйымдар және колледждің әлеуметтік серіктестері қатысты. Ашылу салтанатында колледж тарихы туралы бейнеролик көрсетілді, музыкалық және поэтикалық шығармалар орындалды.

# ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ




Астанадағы Отбасы институтын қолдау орталығында азаматтық қоғам мәселелері бойынша қала тұрғындарын қабылдау өтті.

Азаматтық қоғамды нығайту жөніндегі кездесуге үкіметтік емес ұйымдардың басшылары мен қоғам қайраткерлері қатысты. Шақырылған сарапшылар қабылдау барысында қатысушыларға қаржылық, құқықтық және әлеуметтік мәселелер бойынша қолдау көрсетті.

– Бұл қабылдауды біз елорданың үкіметтік емес ұйымдарымен ұзақмерзімді қатынастарды қолдау мақсатында ұйымдастырдық. Біз осындай кездесулерді тұрақты негізде өткізіп тұруды, кері байланыс орнатуды және түрлі мәселе бойынша әлеуметтік кәсіпкерлерге қолдау көрсетуді жоспарлап отырмыз. Әріптестерімізбен бірге маңызды тақырыптарды, оның ішінде гранттар беру мәселесін түсіндіргіміз келеді, – деді Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов.

Іс-шара барысында қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының, Азаматтық бастамалар орталығының, «Қазақстанның азаматтық альянсының», «Астана ҮЕҰ форумының» өкілдері сөз сөйледі.

Талқыланған тақырыптардың бірі қоғамдық және әлеуметтік жобаларды ашуға грант беру турасында болды. Кәсіпкерлерге Астана тұрғындары қандай бағдарламаларды пайдалана алатыны туралы айтылды. Сондай-ақ кездесуге қатысушылар әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жоспарланған іс-шаралармен танысты.

– Біздің қауымдастықта Қазақстанның барлық өңірінен келген әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдау үшін қауымдастық құрылды. Біз қазақстандық және шетелдік спикерлермен үнемі семинар, конференция өткіземіз. Мысалы, биыл әлеуметтік кәсіпкерлік тақырыбы бойынша құрылтай өтеді. Елорданың барлық тұрғынын сол іс-шараға қатысуға шақырамыз, – деді әлеуметтік инноваторлар қауымдастығының мүшесі Ерғали Баймамиров.

«Шеберлік жолы» қоғамдық қорының жетекшісі Рахима Мұқышеваның айтуынша, мұндай кездесулер қоғам мен мемлекетті біріктіреді. Спикерлер пікір білдіріп болғаннан кейін, қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарды қойып, білікті мамандардан жауап алды.

**Мария КОНЮХОВА**

# ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОҒАМҒА ҚАЖЕТ

Білім беру мекемелерінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беруді іске асыру мәселелері бойынша республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Іс-шара Астана қаласы әкімдігінің №2 педагогикалық-психологиялық түзету кабинетінің ашылғанына 10 жыл толуына орайластырылды.



**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

Конференцияны Астана қаласының Білім басқармасы мен Әдістемелік орталығы ұйымдастырды. Тақырыбы «Инклюзивті және арнайы білім беру аспектілері: сабақтастық пен мүмкіндіктер» деп аталды.

Республикалық конференцияның мақсаты – өзекті мәселелерді талқылау және республика аймақтарында инклюзивті білім беруді дамыту мәселелерін шешу, мұғалімдердің кәсіби құзыретін арттыру, ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу тәжірибесімен алмасу, білім беру ұйымдары мен мамандар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, жаңа идеялар мен жобаларды дамыту.

Конференцияға Оқу-ағарту министрлігі инклюзивті және арнайы білім беру департаменті мамандары, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының инклюзивті білім беру орталығы мамандары, Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы және Балаларды ерте дамыту институты өкілдері, өңірлердің білім басқармаларының мамандары, әдістемелік орталықтар әдіскерлері, жалпы орта білім беру ұйымдарының басшылары, педагогтар, БАҚ өкілдері, қоғамдық ұйымдардан шақырылған қонақтар қатысты. Сондай-ақ іс-шара аясында Астана қаласы әкімдігінің №1, 2 педагогикалық-психологиялық түзету кабинеттері, №2 арнайы мектеп және №65 мектеп-гимназия педагогтары өздерінің озық іс-тәжірибесімен бөлісті.

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында химия және биология пәндері бойынша 7-8-сыныптар арасында республикалық олимпиаданың жеңімпаздары анықталды.

# ПӘНДІК ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

13 мамырда басталған олимпиаданы «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы мен «Zerde-lider» білім беру орталығы бірлесе ұйымдастырған.

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының басшысы Жанар Бейсенбаеваның айтуынша, айтулы олимпиадаға еліміздің 13 өңірінен 100-ге жуық оқушы қатысқан.

– Бұл олимпиада үшінші жыл қатарынан өтіп жатыр, ал республика деңгейінде екінші жыл ұйымдастырылды. Бұл білім сайысы практикалық кезеңімен ерекше. Себебі басқа олимпиадаларда балалардың тек теориялық білімі тексеріледі. Қатысушыларға келетін болсақ, олимпиадаға еліміздің 13 өңірінен балалар қатысты. Оның ішінде астаналық оқушылар да бар. Атап айтқанда, әр өңірден 8 оқушыдан, жалпы 98 оқушы өзара сынға түсті, – дейді орталық басшысы Жанар Бейсенбаева.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, олимпиаданың мақсаты – химия және биология пәндерін тереңдетіп оқуға оқушылардың қызығушылығын арттыру, олимпиадаларға дайындық жүйесін жоғары деңгейде жетілдіру және олимпиадалық резервті қалыптастыру.

– Химия мен биологияға қызығушылығы бар оқушылар болашақ дәрігер, микробиолог және биоинженер деп айтуға болады. Дарынды оқушыларды қолдауда әрқашан демеушілік көмек көрсетіп жүрген әлемдегі ең ірі мұнай компаниясы – Exxon Mobil компаниясына алғысымызды білдіреміз. Бұл компания әлеуметтік және білім беру жобаларын белсенді түрде қолдап келеді. Қорытынды жиында үздік оқушылар және жақсы нәтиже көрсеткен командалар марапатталды, – дейді Жанар Бейсенбаева.

Жалпы олимпиада 2 кезең бойынша өтті. Бірінші кезең теориялық форматта өтсе, екінші кезеңде оқушылардың практикалық білімі шыңдалды. Практикалық тур химия пәні бойынша Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті базасында, биология пәнінен Қадыр Мырза Әлі атындағы Binom school мектеп-лицейінде өтті.

– Мен бұл олимпиадаға екінші жыл қатарынан қатысып тұрмын. Бұл сайысқа команда болып барлығымыз бірге дайындалдық. Басқа қалалардан келген оқушылар да мықты деп айта аламын. Барлығы қызықты болды, – дейді елордалық оқушы Нұрхат Мақсат.

Айтулы додада жеңіске жеткен жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының I, II және III дәрежелі дипломымен және грамотамен, сондай-ақ Exxon Mobil демеуші компаниясы ұсынған бағалы сыйлықтармен марапатталды. Олимпиадаға қатысқан барлық оқушыға сертификат табысталды.

**Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ**



# ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТТІ

Астанадағы «Жасыл белдеуде» орман-дала өртін сөндіру бойынша өрт-тактика жұмысы жүргізілді.

Оқу-жаттығу шарты бойынша демалуға келген адамдар сөндірмей, қалдырып кеткен от ошақтары құрғақ шөптің жануына себеп болды. Өрттің әрі қарай орман белдеуіне таралу қаупі туды. Оқиға орнына Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті, Полиция департаменті, Апаттар медицинасы орталығы, «Астана орманы» ЖШС, «Жасыл-Аймақ» РММ және қаланың коммуналдық қызметтері келіп, өртті сөндіруге кірісті. Сәлден соң қатты жел тұрып, соның салдарынан өрттің елді мекенге таралуы байқалды. Сондықтан өрт орнына «Астана орманы» ЖШС көмекші техникасы, өрт сөндіру қызметінің, құқық қорғау орындарының күштері мен құралдары келіп жетті. Өртті сөндіру барысында 2 қызметкер улы газбен уланып, онда апаттар мен жедел жәрдем медицинасы орталығының бригадасы зардап шегушілерге алғашқы медициналық көмек көрсетіп, жақын маңдағы ауруханаға жеткізді. Өрт сөндіру бөлімшелері өрт ошағына барлау жүргізіп, жедел штаб құрды және бірлескен әрекеттердің нәтижесінде өртті жойды. Шартты түрде болған өрт оқиғасын төтеншеліктер бақылап отырды.

– Республикалық командалық-штабтық жаттығу аясында Астанадағы «Жасыл белдеуде» командалық жаттығу өтті. Жаттығуға 10-нан астам бөлімше қатысты. Оның ішінде Астана қаласының төтенше жағдайлар қызметкерлері, Астана қаласы әкімдігінің және мемлекеттік күштер қызметкерлері бар. Бұл оқу-жаттығуға 25 техника мен 75 адам қатысып, шартты өртті өшіру бойынша жұмылдырылған жұмыс жүргізілді. Жалпы техникаларымыз өрт ошағына 10 минут ішінде келе алады. Қазір өрт қаупі жоғары маусымның басталуына байланысты Астана қаласы әкімдігінен, «Астана орманы» ЖШС-тен күнделікті 40-тан астам адам кезекшілік атқарады. Сондай-ақ орман қызметкерлерімен бірлесе отырып, жылына 3 рет механикаландырылған өңдеу жұмысы жүргізіледі, – деді Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Мадияр Мырзагелдиев.



Ұйымдастырушылардың айтуынша, күн жылынғаннан кейін адамдар табиғат аясында демалуға шыға бастайды. Алайда олардың немқұрайды әрекеті салдарынан дала мен орманда өрт тұтанып жатады. Құрғақ шөптің жануы уақытында жойылмаса, үлкен шығынға әкеп соқтыруы мүмкін.

Айта кетейік, елордада 8 сәуірден бастап өрт қаупінің жоғары кезеңі басталды. Осы кезеңнің басынан бастап құрғақ шөптер мен қамыстардың 15 жануы тіркелді, оның жалпы аумағы 2197,5 шаршы метрді құрады. Табиғи қоқыс алаңдарын жою жүргізілді және 149 гектардан астам қамыс пен құрғақ өсімдіктер шабылды.

**Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ**

№58 (4646) 16/05/2024 Бейсенбі

Соңғы жылдары елімізде ми қан тамырлары аурулары көбейіп келеді. Соның бірі – инсульт. Өкініштісі сол, бұрын бұл дертке орта жастан асқан адамдар шалдықса, бүгінде жастар мен жасөспірімдер де тажалдың тырнағынан қашып құтыла алмауда. Жедел жәрдеммен ауруханаға жеткен науқастар ақ халатты жандардың қарауына барады. Астана қаласында адам жанының арашасы болып жүрген емдеу мекемелері аз емес. Соның ішінде тәулік бойы жұмыс істеп, науқастарға шұғыл көмек көрсететін елордадағы №2 көпбейінді қалалық ауруханасы бар.



# АНТЫНА АДАЛ ДӘРІГЕР

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

### АДАМ ЖАНЫНЫҢ АРАШАСЫ

Өмір мен өлім арасында ажалмен арпалысып, ауырғандар осы ауруханаға шипа іздеп келеді. Мұнда науқас ауыр жағдайда келсе, жансақтау бөлімі, қажетті компьютерлік томография, МРТ, ангиография тәулік бойы жұмыс істеп тұрады, тағы басқа аппарат, стационарлық бөлім – бәрі бар. Бәрінен бұрын мұнда адам жанының арашасы болып, талай тағдырға өмір сыйлаған абзал дәрігерлер жұмыс істейді. Соның бірі – елордадағы №2 көпбейінді қалалық ауруханасы оңалту бөлімінің меңгерушісі, невропатолог, реабилитолог, иглотерапевт дәрігер Шынар Айтжанова. Шынар Ғалымбекқызының медицинадағы жалпы еңбек өтілі – 25 жыл. Семейде, Ақсуатта туған, сондағы медицина университетін бітіріп, Павлодарда 10 жыл дәрігер болып жұмыс істеген. Павлодарда №1 ауруханада инсульт орталығында 10 жыл, кейінгі жылдары 13 жылдай осы ауруханада жұмыс істейді. Өзі көпбалалы ана, төрт баласы бар. Дәрігердің тірмізік, терең еңбегін отбасының жылуымен үйлестіріп, барлығына уақыт тауып жүрген абзал жан, асыл жар, ардақты ана. Бұл ретте бала тәрбиесінде, отбасындағы шаруаларды реттеуде анасының көп қолғабыс тигізгенін ризашылықпен айтады.

«Инсульт ауруының себептері мен белгілері қандай? Оның алдын алуға бола ма? Инсульттен кейінгі қалпына келу жолдары бар ма? Инсульттен кейінгі науқастың өмір сүру сапасы қандай болады?» деген сауалымызға тәжірибелі маман, білікті дәрігер Шынар Айтжанова былай деп жауап берді.



– Инсульт – ми қан айналымының бұзылысы салдарынан кенеттен болатын қан тамырлық апат. Инсульт туындаған жағдайда, айналасындағылардың жылдам реакциясы аса маңызды, өйткені әрбір жоғалған минут науқастың кейінгі өмірін анықтайды. Мүмкіндігінше ертерек ауруды анықтап, алғашқы көмек көрсету үшін, әсіресе, инсульттің алғашқы белгілерін білу аса маңызды. Кенеттен бұлшық етте әлсіздіктің пайда болуы немесе дененің бір жартысының ұйып қалуы (беті, қолы, аяғы), сөйлеудің қиындауы, көру қабілетінің нашарлауы, заттардың екіге бөлініп көрінуі, тепе-теңдіктің жоғалуы, соның салдарынан науқас жүре алмай қалады (көбінесе жүрек айнуымен немесе естен танумен бірге үйлесіп келеді). Күтпеген жерден, айқын себебі болмаса да, бастың қатты ауруы байқалады. Бас миының зақымданған кезінде бірнеше сағаттан кейін қайтымсыз өзгерістер басталады. 4,5 сағаттық терапевтік терезе бар. Бұл – ми жасушаларының едәуір бөлігінің жансызданумен байланысты инсульттің маңызды зардаптары дамуының алдын алуға болатын мерзім. Егер осы уақыт аралығында науқасқа білікті медициналық көмек көрсетіп үлгерсе, салыстырмалы түрде ол қалыпты өмірге тез орала алады. Сондықтан инсульт белгілері неғұрлым ерте анықталса және алғашқы шаралары қолданылса, соғұрлым мүгедектікпен немесе өліммен аяқталатын сәттерді болдырмауға мүмкіндік зор. Инсульт шұғыл көмек көрсетілуге тиіс күйге жатады, сондықтан ешқандай жағдайда кешігуге болмайды, науқасты мамандандырылған инсульт орталығына жатқызу үшін бірден жедел жәрдемді шақыру қажет, – деді Шынар Ғалымбекқызы.

### АДАМДАРДАН АЛҒЫС

Жансақтау бөлімі, инсульт орталығында ем алған пациент тәуір бола бастаған кезінде аурухананың оңалту орталығына келеді. №2 көпбейінді қалалық ауруханасының оңалту бөлімінде 13 төсек-орын бар. Астана бойынша қаншама адам кезекте тұрғанын ескерсек, инсульт орталығынан келген, жергілікті емханадан портал арқылы жолдамамен келушілер одан да көп. Бөлімге барғанда Шынар Ғалымбекқызының әр түскен науқасты мұқият қарап, бастықпын деп шіренбей, өте қарапайым, елгезек, ауруларға мейіріммен қарасқан пейілін көріп, риза болдық.

– Өз ісінің маманы, жанымен, жүрегімен адам жанының арашасы екеніне куә болдық. Төсек-орынан тұра алмай жатқан ауыр науқастарды да басқа медициналық қызметкерлермен бірге көтерісіп, тамағын беріп, сөзбен емдеп жүргенін көргенде мұндай абзал жанның арқасында талай жан аяғынан тұрып, ел қатарына қосылып кетеріне шын сенеміз, – дейді ризашылықпен орталыққа ем алушыға келгеннің жары Гүлданай Ахметқызы.

Шынар Ғалымбекқызының медицинадағы жалпы еңбек өтілі – 25 жыл. Семейде, Ақсуатта туған, сондағы медицина университетін бітіріп, Павлодарда 10 жыл дәрігер болып жұмыс істеген. Павлодарда №1 ауруханада инсульт орталығында 10 жыл, кейінгі жылдары 13 жылдай осы ауруханада жұмыс істейді. Өзі көпбалалы ана, төрт баласы бар. Дәрігердің тірмізік, терең еңбегін отбасының жылуымен үйлестіріп, барлығына уақыт тауып жүрген абзал жан, асыл жар, ардақты ана

Оңалтудағы ем-дом, дәрігердің, медицина қызметкерлерінің өз ісіне дұрыс көзбен қарап, сапалы жұмыс істеуі оң нәтиже берері сөзсіз. Оған көзіміз жетіп отыр, бөлім меңгерушісі ретінде кабинетте отырмай, әрбір пациенттің жағдайын сұрап, керек болса, көтерісіп, жәрдемдесіп жүретіні – үлгі боларлық жағдай. Тек бөлімдегі төсек-орынды көбейтудің жолдары болса, осыған елордадағы алпауыт компанияларды тартып, бірнеше ондаған орынға көбейтсе, қаншама науқас ем-дом алар еді деген ойда қалдық.

### КЕРЕК КЕҢЕС

«Дәрігерлер, медбикелер, санитарлар үнемі білігін арттырып отыра ма, инсульттен кейінгі емдеудің, физиоемдеудің қандай қиындықтары, артықшылықтары бар?» деген сауалымызға білікті дәрігер Шынар Айтжанова ұғынықты тілмен жауап қатты.

– Қалпына келу кезеңі инсультті емдеудегі терапиялық және хирургиялық шаралардан маңыздырақ. Оның басты мақсаты – неврология белгілерін тұрақтандыру және оны біртіндеп азайту. Инсульт алғаннан кейінгі оңалту ерте мерзімде басталады, яғни қозғалыс режимінің кеңеюі мен интенсивті қызметінің аяқталу барысында. Дәрігер шешімді науқастың жалпы жағдайына байланысты қабылдайды. Оның ұзақтығы жеке анықталады, яғни бірнеше айдан бірнеше жылға дейін созылады. Кеңінен қолданылатын қосымша емдеу әдістеріне балшықпен емдеу, физиотерапия, рефлексотерапия жатады. Бұл шаралардың арнайы шипажайларда жүргізілгені абзал.

Шынар Ғалымбекқызы қоғамдағы адамдарға жасалған ізгі істерге қуана отырып, еңбексіз, тоғышарлықпен келген дүниеге жаны қас, адамның денсаулығынан асқан байлық жоқ, сондықтан да алдына шипа іздеп келген әрбір адамға жақсы жағдай қалыптастырып, елорда медицинасының бұдан да биік белестерге шыққанын қалайды. Ол – мейірімді, қайырымды, іскер, батыл, Гиппократ антына адал дәрігер.

# ЕЛОРДА МЕДИЦИНАСЫ – ӘБУ-ДАБИДЕ

Әбу-Дабиде биыл 13-15 мамыр аралығында өткен «Abu-Dhabi Healthcare Global Week» ауқымды халықаралық көрмесінде Астанадағы Қазақстанның жетекші клиникаларының медициналық әлеуеті таныстырылды.

Райхан РАХМЕТОВА

«Abu-Dhabi Healthcare Global Week» – Әбу-Даби Денсаулық сақтау департаменті Әбу-Даби тақ мұрагері шейх Халед бен Мохамед бен Заид әл Нахаянның жоғары қамқорлығымен ұйымдастырған ең ірі үкіметтік көрме. Іс-шарада денсаулық сақтау жүйесін жақсартуға бағытталған инновациялар мен ынтымақтастықты талқылау үшін саланың жетекші өкілдері жиналды. Аталған көрмеге әлемнің түрлі елінен 5000-нан астам адам, 100 экспонент, 200 спикер-сарапшы және 1000 конференция делегаты қатысты.



Елорда медицинасының әлеуетін көрсету үшін Астана қаласының медициналық туризмін дамытуға ықпал ететін «Астана даму орталығы» ЖШС, Қазақстанның медициналық туризм қауымдастығы және де қаланың жетекші клиникаларынан құралған Астана қаласының делегациясы барды. Қатысушылар арасында «University Medical Center» корпоративтік қоры, «Үміт» халықаралық томотерапия онкология орталығы, «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» ЖШС, «Doctor Dent» стоматология клиникасы, «Ақжан LTD» ЖШС лазер медицинасы клиникасы, «Callisto Beauty Clinic» медицина орталығы сияқты Астана қаласының жетекші мекемелері бар. Көрме аясында елордаға емделу мақсатында келетін туристерді қызықтыратын нейрохирургия, онкология, стоматология, пластикалық хирургия, кардиохирургия сияқты басым бағыттар бойынша Астана қаласы медицинасының әлеуеті таныстырылды. Сонымен қатар іс-шарада Қазақстандағы медицина туризмі қауымдастығы Біріккен Араб Әмірлігінің Best Med және Stemar сияқты ірі медицина компанияларымен ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойды. Бұл шара Астана медицинасының әлеуетін шетелдік нарыққа таныстыруға, елордаға емделу мақсатында келетін туристер санын арттыруға септігін тигізеді. Айта кетейік, Астана қаласында әлемдік медицина саласында «алтын стандарт» саналатын JCI халықаралық сертификатына ие 7 медицина орталығы жұмыс істейді.



# КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚЫМБАТТАЙ БЕРЕ МЕ?

Қазақстанда коммуналдық төлем қымбаттады. Әлеуметтік желіде жұрт жылу, ыстық, су, электр қуатына шыққан ақының екі есе өскенін жазып жатыр. Елорда тұрғындары биылғы жыл басталғаннан келген түбіртектерді алып, жылу мен электр энергиясы үшін төлемдердің артқанын байқады. Онсыз да айлығы шайлығына жетпей жүрген астаналықтар былтырдан бері коммуналдық қызметке екі еседей едәуір ақша төлей бастады. Бұлай жалғаса берсе, коммуналдық қызмет ақысы жалақысы біраздан бері көтерілмеген тұрғындардың қалтасын қағатыны анық.



### СЕБЕПТЕРІ ҚАНДАЙ?

– Астанада қарапайым ғана механик болып жұмыс істеймін. Жалақым 100 мыңнан сәл ғана асады. Тариф өсті, жылуға ғана 20 мың төлеймін, жарыққа, суға төлейтін ақшаны ойласам, ұйқым қашады, – дейді елордалық Санат Жанаманов.

– Пәтер жалдап тұратын біздің отбасымыздың бюджеті жылдан-жылға қусырылып келеді, азық-түлігіміз өз алдына, коммуналдық қызметке төлейтініміз бара-бара тіпті қымбаттап барады. Ал жұмыс істейтін мекемеміз айлығымызды көтере қойған жоқ. Тарифті көтергенде де халықтың қамын ойлауы керек қой, – деп ағынан жарылды астаналық автобус жүргізушісі Арман Қасенов.

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің елордалық департаменті тұрғындарға коммуналдық қызметтердің тарифтері туралы түсініктеме берді. Департамент ұсынған ақпаратта былай делінген: «Елордада жылумен жабдықтау қызметін «Астанаэнергосбыт» ЖШС көрсетеді. Тариф 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбекақы төлеуге арналған шығыстардың өсуін, стратегиялық тауар құнының өсуін және көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюын ескере отырып түзетілді. Жылу энергиясының тариф деңгейі жылу энергиясын өндіруге, тасымалдауға және жеткізуге қажетті шығындар деңгейіне байланысты. Сонымен қатар жылумен жабдықтау тарифінің деңгейі, ең алдымен, отын түрінің, атап айтсақ, газ, мазут, көмір құнына байланысты, оның құрылымында ол негізгі үлесті алады. Тиісінше, отын бағасының өзгеруі, сондай-ақ оларды тасымалдау жылумен жабдықтауда тарифтің өзгеруіне алып келді» дейді департамент хабарламада.

Өткен жылдың жазында Астанада жылу тарифін екі еседен астам арттыру жоспарланғаны туралы хабарланған болатын. Күзде Қазақстанның қай аймағында коммуналдық қызметтердің бағасы өскені туралы жазылды. Содан кейін елордада суық су 15,7 пайызға, су бұру 15,5 пайызға, электр энергиясы 7,6 пайызға, газбен жабдықтау 8 пайызға қымбаттады деп хабарланды. Орталық жылыту тарифтері өзгеріссіз қалды.

«Инвестицияға айырбастау тарифі» бағдарламасы аясында коммуналдық қызметтерді жеткізушілер бағаны көтере алады, бұл ретте олар инфрақұрылымды ретке келтіруге және өз қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсартуға міндетті.

Былтырғы жылдың жаз айынан бастап Астана әкімдігі коммуналдық қызмет тарифтерін 15-20 пайызға көтерді. «Мысалы, Алматыда және басқа қалаларда кВт-сағ құны әлдеқайда жоғары. Сондықтан Астанада тарифтерді мұндай деңгейде ұстай алмаймыз. Біз электр желілеріне инвестиция салуымыз керек, оларды ретке келтіруіміз керек» деп түсіндірді мұны қала әкімі Жеңіс Қасымбек орталық коммуникациялар қызметінде өткен жиын барысында.

Оның айтуынша, судың текше метрі Астанада 48 теңге болса, Алматы, Қарағанды және басқа қалаларда 100-ден 150 теңгеге дейін, кейбір елді мекендерде 200 теңгеге дейін барады.

### БАҒАНЫ ТОҚТАТУ МҮМКІН БОЛМАЙ ТҰР

Бұрынғы Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров 30 қаңтардағы Үкімет отырысының қорытындысы бойынша өткен баспасөз мәслихатында биыл коммуналдық қызмет тарифі шамамен қаншаға өсетінін айтқан болатын. Ол бағдарлама жеті жылға жоспарланғандықтан, жыл сайын баға өсетінін де айтқан еді.

– Тариф жыл сайын өседі, өйткені бағдарлама жеті жылға созылады. Орташа есеппен алғанда, кейбір субъектілер мен ТКШ түрлері бойынша тариф шамамен 10-15 пайызға өседі, сонда орташа есеппен 20-30 пайызға қымбаттайды, – деген еді Қуантыров.

Сонымен қатар министр су бағасын көтеру себептерін де түсіндіріп өтті. Оның сөзінше, тариф қымбаттаған сайын азаматтар үнемдеуді үйренеді.

– Бұл субъектінің қуатына байланысты. Сондай-ақ судың тарифі де өте төмен. Былтыр мен Батыс Қазақстан облысында болдым. Онда судың бір текше метрі – 44 теңге. Әрине, осыдан кейін су тиімсіз пайдаланылады. Мысалы, сіз моншаға барсаңыз, онда судың текке ағып жатқанын көресіз. Оны өшіру керек. Өкінішке қарай, үнемдеу жоқ. Өте маңызды ресурс болғандықтан, суды үнемдеуіміз керек. Тариф өседі. Бүгінде суға 200-500 теңге төлейміз. Сондықтан тарифті біршама көтеруге болады. Олай істемесек, үнемдей алмаймыз, – деген еді бұрынғы министр.

Сондай-ақ мердігерлер мен құрылыс ұйымдары бәрін жаңартып үлгеруі үшін тарифтерді біртіндеп көтеру жұмыстары жүргізілуде.

Былтыр да коммуналдық қызмет 30 пайызға қымбаттады. Бұрынғы Үкімет басшысы Әлихан Смайылов шілдеде тарифтер қымбаттайтынын ашық айтқан болатын. 10 пайыздан 30 пайызға дейін қымбаттату – ұстамды тариф екенін, онсыз коммуналдық инфрақұрылымның сапалы жұмысын қамтамасыз ету және оны жаңғырту мүмкін емес екеніне де тоқталған.

– Тариф мәселесінде біз барлық жақтың мүддесі ескерілетіндей шешім шығаруымыз керек. Яғни, саланы дамыту қажеттілігін де, халықтың мүмкіндігін де ескеруіміз қажет, – деген болатын бұрынғы Премьер-министр. Әлихан Смайылов стансалар, коммуналдық кәсіпорындар іс жүзінде 3 жылдан аса уақыт табыссыз жұмыс істегенін, сондықтан жөндеу жұмыстарына қаржы салмағанын да алға тартқан еді.

– Қаражат салынса да, ол қарыз алу арқылы немесе мемлекет есебінен жүзеге асырылды, ал энергия объектілерін жөндеу құны ондаған есеге қымбаттап кетті. Металл мен құбырлар, арматура мен электро-техникалық бұйымдардың және басқа да жабдықтардың бағасы айтарлықтай өсті. Жалақының аздығына байланысты білікті мамандар энергетика саласынан кете бастады. Кәсіпорындар оларға тиімді жұмыс жағдайын ұсына алмады, – деп нақты мысал келтірген болатын.

### УӘЖ

– Жемқорлықтың жолы кесілмесе, қанша ақша бөлінсе де, тиімсіз жұмсалады. Негізі, жылына 180 миллиард теңге бөлінеді. Биыл, қателеспесем, 316 миллиард теңге ЖКХ-ға, 180 миллиард ЖЭО-ні жаңарту және модернизациялауға бөліп жатыр. Ол ЖЭО-ге онсыз да жылына осынша ақша бөлінеді. Оған қоса, 316 миллиард БЖЗҚ қаражатын бөліп жатыр. Мәселе – ақшада емес, мәселе проблемалардың азаймауы, қанша ақша бөлінсе де, ақаудың азаймауы. Жылда қағаз жүзінде модернизация жасадық, ауыстырдық дейді. Дегенмен жылда бір мәселе шығады. Неге? Себебі біріншіден, ақша өзінің мақсатты бөлінген жағына жұмсалмайды, екіншіден, тиімсіз жаратылады, үшіншіден, қағаз жүзінде аяқталды деп ресми құжат жүзінде тапсырады. Ақшаны бақылайтын, қадағалайтын, сапасын тексеретін бір орган болуы керек деп ойлаймын. Ақшаны бөлетін Қаржы министрлігі, Үкімет, оны игеретін жергілікті әкімдіктер, ал тексеретін кім? Міне, осы мәселені назарға алу керек, Жемқорлықтың жолы кесілмесе, мәселе шешілмейді, – дейді энергетика саласының сарапшысы Абзал Нарымбетов.

Қалай болғанда да халықтың мұң-мұқтажына құлақ асатын еститін Үкімет қымбатшылық жайлаған мына заманда жұмыс берушілерге де қызметкерлерінің жалақысын көбейтуге міндеттеуі керек секілді. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетедінің» кері келіп жүрмесін. Мемлекеттің басты байлығы – адам екенін ұмытпаған жөн.

Бетті дайындаған **Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**



# АСТАНА ҚАУІПСІЗ ҚАЛА МА?

## ЕЛОРДАДА БОМБАДАН ҚОРҒАНАТЫН ҚАНША ОРЫН БАР?

Астанада террорлық шабуылдардан, бомбадан қорғанатын қауіпсіз қанша орын бар? Биыл осы мәселені Астана қалалық мәслихатының депутаты Қанат Ибраев төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын қолдану мәселесі бойынша кезекті сессияда көтергені мәлім.

Ол өз сөзінде ірі кәсіпорындар өзінің аумағындағы бомбапаналарға қалдық принципімен қарайтынын, ал қарапайым халық мұндай орындардың бар-жоғынан хабарсыз екенін айрықша атап өтті.

– Мен осы қалада ұзақ уақыт тұрамын, бірақ бомбадан қорғанатын орындардың қайда екенін білмеймін. Жалпы әлемде ірі қалаларда әуежайлар маңында жарылыс болып жатқанын жиі естиміз. Дүние жүзінде болып жатқан қауіп-қатерлерді көріп отырғандықтан, бұл – өте өзекті мәселе. Құдай сақтасын, бір жағдай бола қалса, ол жерлерге эвакуациялау туралы хабар халыққа қалай жеткізіледі? Мысалы, Жапонияда жер сілкінісі болса, әр адам өзіне жақын бомбапананың қайда екенін біледі, – деді Қанат Ибраев.

Депутат сауалына жауап берген Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті басшысының бірінші орынбасары Дамир Ермағамбетовтың хабарлау жүйесі бойынша қызмет көрсететін мердігер жұмысты толық істемегенін айта келе нәтижесінде қазір департамент ол мердігермен соттасып жатқанын қозғап өтті.

– Бомбапаналардың орналасқан жері бойынша нақты мәліметтер бар, бірақ оларды жария түрде айта алмаймын, жазбаша түрде бере аламын. Хабарлау жүйесі бойынша қалада 2019 жылдан бері жұмыс істеліп келеді. Бұған дейін қаржы бөлінді. Бүгінгі күні жұмысын аяқтай алмаған мердігермен сот процесі жүріп жатыр. Сондықтан қазір әуе қорғанысындағы сиренамен хабарлау жүйесі қаланың кейбір бөлігінде жоқ. Оны мойындауымыз керек. Қазір заңгерлер жұмыс істеп жатыр. Ескі жұмыс аяқталмағандықтан, қала бюджетінен жаңадан қаржы ала алмаймыз, – деді ол.

Ал Астана әкімінің орынбасары Ерсін Өтебаев қалада қауіпсіз жерлердің жеткілікті екенін жеткізді.

– Коммуналдық меншіктегі нысандарға қатысты, Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы қолданыстағы барлық бомбапанаға мониторинг жүргізді. Қазір 25 бомбапана жарамды екені анықталды. Олардың құжаттары әзірленіп, Азаматтарға арналған үкіметте тіркеліп, Азаматтық қорғанысты қамтамасыз ету орталығына берілді, – деді Ерсін Өтебаев.

**P.S:** ***Лаңкестік әрекеттің алдын алу үшін елордадағы маңызды объектілерге қойылатын басты талап, телевизиялық жүйеге қосылған бейне бақылау камерасы болуы шарт. «Сақтансаң, сақтаймын!» деген. Бұл – тек қойылатын талаптардың бір парасы. Қазір Астанадағы мемлекеттік маңызы бар және адам көп шоғырланатын ғимараттардың барлығында антитеррорлық паспорт болуы керек. Сондай-ақ әр объектіде жұмыс істейтін азаматтар арнайы оқудан өтіп, кез келген жағдайға дайын болуы тексеріледі. Экстремизмге қарсы іс-қимыл қызметкерлері бірінші кезекте оқу ордаларына баса мән береді. Қаладағы барлық мектептерге жекелей кіріп, ішкі тәртіппен танысып, қауіпсіздік деңгейін анықтайды.***



# АЗАМАТТЫҚ НЕКЕ: МАХАББАТ ПА, ӘЛДЕ АЛДАНЫШ ПА?

Урбанизация ықпалынан неке мен отбасы ұғымы жаңа мәнге ие болды. Расында, мыңжылдықтар көшінде салт-дәстүрмен сабақтасқан отбасылық құндылық әлсіреп, отбасы құруда жаңа түсінік, жаңа таным пайда болып, қазақ қоғамына азаматтық неке енді.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

### ТҮРЛІ КӨЗҚАРАС, ТҮРЛІ ПАЙЫМ

Біздің рухани құндылықтардың негізі отбасылық дәстүрге негізделген десек, адамдардың рухани болмысы, ақыл-ойы отбасында қалыптасып, дамиды. Алайда тамырын тереңнен тартқан отбасылық құндылықтар әлсіреп, жаңа рең, жаңа мазмұн ала бастады. Батыстан келген «азаматтық серіктес» ұғымы біздің қоғамға үйреншікті жағдайға айналып барады.

Бұған байланысты қоғам мүшелері әртүрлі пікір-пайымын жеткізіп, өз көзқарас-тұжырымын дәлелдеуге тырысты.

**Қайрат ҚАМБАРОВ, Мәдениет және ақпарат министрлігі Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы:**

– Қазақстанда ресми некеге тұрмай бірге өмір сүретін адамдардың статистикасы жүргізілмейді. Қазақстанда бірге өмір сүрудің таралуын шамамен есептеу ата-анасының екеуін де көрсете отырып, некесіз туылған балаларды тіркеу кезінде бағалауға болады. Алайда баласы жоқтардың бірге тұруын осылай анықтау мүмкін емес. «Бірге тұру» немесе «азаматтық неке» ұғымдары Қазақстан Республикасының заңнамасында жоқ. Неке тек мемлекеттік органдар қиған жағдайда ғана ерлі-зайыптылық болып танылады. «Неке және отбасы туралы» Кодекстің 2-бабы 3-тармағымен реттеледі.

**Айнұр АНАРБЕК, әлеуметтанушы:**

– Некесіз бірлесіп өмір сүру көбінесе әлеуметтік-экономикалық себептердің салдары болып табылады. Мұны ерлі-зайыптылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы және болашаққа деген белгілі бір үміттері мен жоспарлардың болуымен (үйлену тойына ақша жинау, тұрақты табыс табу, жеке тұрғын үй сатып алу, оқуды аяқтау) түсіндірілуі мүмкін, – деді.

**Зүлфия БАЙСАКОВА, заңгер:**

– Азаматтық неке – ер мен әйелдің бейресми одағын білдіреді. Азаматтық неке заңдастырылмайды. Азаматтық некеден туған бала әкенің баласы емес, жалғызбасты анаға тіркеледі. Сынаққа сылтау табылса, екі адам екі бөлек кетеді. Жылда алданып қалған 10-15 әйел көмек сұрап келеді. Некенің бұл түрінде жұптасқандардың арасында бала туып, екеуі айырылысып кетсе, онда алимент төлету мүмкін емес. Ер адамды шынымен баланың әкесі екенін анықтайтын бір ғана жолы – ДНК арқылы дәлелдеу. Бұл қиын, әрі қаржыны керек етеді. Ал сот көп жағдайда мұндай істерді қарауға тәуекел етпейді. Азаматтық серіктес болмасаңыз, сізде ақшаға, мүлікке немесе балаларға көп заңды құқықтарыңыз жоқ. Қысқа жауап: «азаматтық неке» деген ұғым жоқ.

**Елбек ТАСБОЛАТҰЛЫ, ҚМДБ шариғат және пәтуа бөлімінің маманы:**

– Шариғат бойынша некесі қиылмаған екі жастың оңаша қалуына тыйым салынған. Азаматтық некеге дініміз қарсы.

**Дана ЕРБОЛАТ, Астана қаласының тұрғыны:**

– Анам мен әкем ажырасқан. Әкем бөлек тұрады, оның өзінің отбасы бар, анамның өзінің отбасы бар. Басында әкем азаматтық некеде тұрғаныма қарсы болды. Бірақ 16-18 жаста емеспін, 26-дамын. Шешімді өзім қабылдадым. Бұған өкінбеймін!

**Гүлнұр АЛДИКОВА, Астана қаласының тұрғыны:**

– Азаматтық неке біздің менталитетке жат. Қазақстанда азаматтық неке көбейсе, ұлттық ерекшеліктен айырыламыз. Бұл – ұлтты жоюдың жолы.

**Диана ӘБИБУЛЛА, студент:**

– Біз бір жылға жуық таныспыз және біз танысқаннан кейін 3-4 айдан кейін бірге тұра бастадық. Бірге өмір сүріп жатқанымызға бір жыл болған жоқ. Бұл азаматтық неке сияқты емес, өйткені бізде жоспарлар көп. Үйлену тойын жоспарлап отырмыз, үйлену тойы жазда болады. Үйлену тойына дейін көптеген адамдар бірге өмір сүрмейді, бірақ бұл қиын, мысалы, мен оның күнделікті өмірде қандай екенін білместен сол адаммен өмір сүре алмас едім.

### ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІ ҚАНДАЙ?

XVI ғасырда Нидерландыда азаматтық неке пайда болды. 1580 жылы Голландия және Фрисландия штатының кальвинистік үкіметі енгізді. 1656 жылы бүкіл Нидерландыға тарады. 1653 жылы Англия лорд-протекторы Оливер Кромвелл тұсында азаматтық неке міндетті мекеме ретінде алғаш рет құрылды. Бірақ діни қызметкерлердің қарсылығынан кейін заңды түрде танылмады. 1844 жылы Ирландияда факультативтік азаматтық неке енгізілді.

XX ғасырдың 60-жылдары батыста отбасы институтында өзгерістер орын алып, азаматтық неке үйреншікті жағдайға айналды. Мәселен, 1960 жылы АҚШ-та сәбилердің 5 пайызы бейресми некеден туды. 1980 жылы бұл көрсеткіш 18 пайызға, 2009 жылы 41 пайызға жетті. 2011 жылы Евро Одақтың 27 елінде туғандардың 37,3 пайызы некесіз отбасында тәрбие көруде. Некесіз туған балалардың 64,3 пайызы Исландияға тиесілі. Эстонияда – 59,7 пайыз, Словенияда – 56,8 пайыз, Болгарияда 56 пайыз және Норвегияда 55 пайызды құрайды.

“ XX ғасырдың 60-жылдары батыста отбасы институтында өзгерістер орын алып, азаматтық неке үйреншікті жағдайға айналды. Мәселен, 1960 жылы АҚШ-та сәбилердің 5 пайызы бейресми некеден туды. 1980 жылы бұл көрсеткіш 18 пайызға, 2009 жылы 41 пайызға жетті. 2011 жылы Евро Одақтың 27 елінде туғандардың 37,3 пайызы некесіз отбасында тәрбие көруде. Некесіз туған балалардың 64,3 пайызы Исландияға тиесілі. Эстонияда – 59,7 пайыз, Словенияда – 56,8 пайыз, Болгарияда 56 пайыз және Норвегияда 55 пайызды құрайды

Бүгінде Еуропа елдерінде азаматтық неке қалыпты жағдай, заңды түрде қорғайтын тетігі қарастырылған. АҚШ-тың бірқатар штатында азаматтық некеге рұқсат беріп, неке куәлігін алмаған екі адамның одағы ретінде таниды. Нидерландыда 2 жыл бірге тұрған адамдар, Австралия және Жаңа Зеландияда 3 жыл бірге тұратын жұптар заң бойынша мәртебесі некеге тұрғанмен бірдей деп саналады. Яғни заңды түрде тіркелген ерлі-зайыптының құқығына ие болады. Испанияда азаматтық неке – ресми некеге тең. Бұл елдің провинцияларында арнайы мекемеде тіркеле алады. 1999 жылдан бері Португалияда некесіз бірге тұратын адамдарға баланы бірлесіп асырап алу құқығы, бірлескен табыс салығын төлеу құқығы және қайтыс болған серігінің мүлкіне 5 жыл ішінде ие болу құқығы беріледі.

Дінді берік ұстанатын елдерде азаматтық некеге тыйым салынған. Египет, Сирия, Индонезия, Сауд Арабиясы, Йемен, Иран, Израильде азаматтық некенің заңдастырылған тәртібі жоқ.

### ҚАЙ ОБЛЫСТА ЗАҢСЫЗ НЕКЕ КӨП?

2022 жылы «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ «Азаматтық неке Қазақстандағы неке-отбасы қатынасының моделі» атты әлеуметтанулық зерттеу жүргізгені белгілі.

Бүгінде Қазақстанда «азаматтық некеде» тұратын адамдың нақты саны жоқ. Мұндай статистика халық санағы кезінде де жүргізілмейді. Бұл жағдайда демографтар тіркелген некеден тыс туылған балалардың үлесі сынды жанама деректі пайдаланады.

Қазақстан қоғамдық даму институтының зерттеуіне сәйкес, респонденттің 37,3 пайызы тіркелмеген некеге қарсы екенін, 39,4 пайызы бейтарап қалса, 19,6 пайызы азаматтық некені қолдайтынын білдірді.

БҰҰ-ның «Ұрпақ және гендер» ұлттық зерттеуінің есебінде Қазақстанда ерлердің 7 пайызы, әйелдердің 8 пайызы тіркелмеген некеде тұратыны, яғни бейресми неке сирек кездесетіні келтірілді. Қарым-қатынастың бұл түрі қалалық жерлерде және дінге сенбейтін жастар арасында жиі кездеседі.

Қазақстанда некесіз бірге тұратын адамдар құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағынан қорғалуы төмен деңгейде. Өйткені оларды қорғайтын арнайы заң жоқ.

Алайда кейбір деректі салыстырып, қала мен ауыл тұрғындары арасында азаматтық некенің айырмашылығы шамалы екенін аңғарамыз. Мәселен, 2017 жылы тіркелген некеден тыс туылғандардың үлесі қала тұрғындары арасында 13,4 пайыз, ауыл тұрғындары арасында 12,4 пайыз құрады.

Тіркелген некеден тыс туылған балалар Атырау (6,9 пайыз) облысында төмен. Ал Маңғыстау облысында 6,9 пайыз, Қызылорда облысында 7,7 пайыз құрайды. Ал жоғары көрсеткіш Солтүстік Қазақстанда 21,3 пайыз, Павлодарда – 20,1 пайыз, Қостанайда 19,9 пайыз деңгейінде. Яғни қазақы салт-дәстүр берік сақталған өңірде азаматтық неке төмен деңгейде.

**P.S:** ***Қалаймыз ба, қаламаймыз ба, жаһандануымен бірге азаматтық неке өмірімізге енді. Мұның салдарынан әкесіз өсіп келе жатқан ұрпақ көбейді. Оның себебін анықтайтын болсақ, қоғамның пікірі екіге бөлініп, бір түйінін табу қиын. Бейресми неке ұлтты жою жолы ма, әлде өркендеуге бастайтын қадам ба немесе алдын алу мүмкін бе? Бұл сұрақтың шеті мен шегін табу мүмкін емес сынды.***

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

## БАЛАБАҚША БАЛАЛАРҒА НЕ ҮЙРЕТІП ЖҮР?

Астанада 66 164 баланы қамтитын 525 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оның 100-і – мемлекеттік, 424-і – жекеменшік, үшеуі – ведомстволық. Осы балабақшаларда балалар қалай тәрбиеленіп жатыр, олардың бір тұтас оқыту, яғни тәрбие беру жоспары бар ма?

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Менің 4 жастан асқан балам да балабақшаға барып жүр. Әрине, 4 жастағы баланың бұзып-жарып бірдеңе үйрене қоюы екіталай. Бірақ осы жастағы балаларға қарапайым әдеп қағидаларын үйретуге болатынын шетелдер тәжірибесі әлдеқашан дәлелдеген. Мәселен, беті-қол жуғанда суды үнемдеу, күндіз шамды өшіріп, энергия үнемдеу, тамақты төкпей, ысырап қылмай жеу сияқты тұрмыстық әдептерден сырт, жолдан өткенде нелерге көңіл бөлу, автобуста қарттарға, аяғы ауыр әйелдерге орын беру, өзгелерге көмектесу... сынды тәрбиелер де осы жаста беріледі. Жапонияның, Қытайдың балабақшаларында осы мазмұндар 3-5 жас аралығындағы балаларға кәдімгі ойын түрінде үйретіледі. Байқаймын, Қазақстан балабақшаларында мұндай тәрбиелерге мән берілмейтін сияқты. Есесіне Жаңа жыл мерекесі, Наурыз мерекесі, 8 наурыз Әйелдер мерекесі, 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Жеңіс күні... сынды мерекелерді құр жібермей, бірер мың теңгеден ақша жинап мереке өткізуге бейім тұрады. Тәрбиешісінің туған күні деп ақша жинайтын балабақшалар да жоқ емес. Осы дұрыс па?! 3-4 жастағы балалар осы мерекелерді қаншалық түсінеді? Мереке тойлау арқылы оларға қандай тәрбие беріліп жатыр? Әлі ұлт ұғымын толық түсінбейтін балаға ұлттардың бірлігін дәріптеу қандай қисынға сияды? Біз баламызды бесіктен белі шықпай жатып әрбір атаулы күнді құр жібермей тойлайтын жыртақай етіп тәрбиелесек, өмірдің ең басты мәні «мереке тойлау екен ғой» деп түсінбей ме?! Осы мереке үшін ата-аналары киім-кешек алып шығындалатынын тәрбиешілер неге ескермейді?!

Демек, біздің елде балабақшадан бастап адами тәрбие дұрыс берілмейді. Мұрнының боғын сүрте алмай жүрген балаға жеңіс күні туралы айту, әйелдер мерекесін тойлату баланы алдаусыратып, күн өткізуден басқа ештеңе емес. Сондықтан, Қазақстанның оқу-ағарту министрлігі бұл мәселеге баса назар аудару керек. Яғни мамандарды ұйымдастыра отырып, еліміздегі балабақшаларда тәлім-тәрбие берудің ортақ жобасын жасап, сол бойынша балабақшалардың бала тәрбиесіндегі әдіс-тәсілін қадағалап отырған жөн. Өйткені балабақша – оқу алдындағы, отбасынан кейінгі маңызды тәрбие бесігі. Ол баланың күн өткізіп, мерекелерді атап өтіп жүретін ойын алаңына айналып қалмауы керек.

# ҚЫТАЙДАҒЫ ТУРИЗМ ЖЫЛЫНЫҢ БЕРЕРІ НЕ?



Ерекше табиғаты, бай мәдени мұрасы және баға қолжетімділігі сияқты көрсеткіштері қазақ жерінің туристік әлеуетін биіктете түседі. Ел астанасының өзіне былтыр 1,3 млн турист келіп, алдыңғы жылға қарағанда 12 пайызға артқан. Оның ішінде ресейліктер мен қытайлықтардың үлесі басым. Осы ретте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылды Қытайдағы Қазақстан туризмі жылы деп жариялады. Бұл қадам еліміздің туристік әлеуетін ілгерілетіп қана қоймай, мәдени тәжірибе алмасу, екі ел арасындағы өзара түсіністік пен достықты нығайтуға септік етеді деп күтіліп отыр.

Райхан
РАХМЕТОВА

### АСТАНА НЕСІМЕН ҚЫЗЫҚТЫРАДЫ?

Елордаға былтыр туристердің көбі Ресей, Қытай, Түркия, Германия, Өзбекстан және АҚШ елдерінен келген. Олардың елімізге ұшақпен жетуі үшін халықаралық рейстерді 23 әуе компаниясы 13 елге 30 бағыт бойынша жүзеге асырады. 79 елмен визасыз режим орнатылған.

– Бас қалада 9283 орындық 229 қонақ үй жұмыс істеп тұр. Театрлар, музейлер, парктер мен сауда орталықтарын қосқанда 70 ірі туристік нысан, 2100-ден астам қоғамдық тағамтану орындары, екі ақпараттық туристік дүңгіршек, жаяу жүргіншілерге арналған бағдарлаудың бірыңғай жүйесінің 262 элементі бар. Сонымен қатар izi.TRAVEL. халықаралық платформасында Астана қаласының 168 көрнекті нысаны бойынша 6 аудио тур еркін қолжетімді. Сондай-ақ CityPASS бірыңғай туристік картасы іске асырылуда. Астанада туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін сервистік қызмет – елорданың туристік полициясы құрылған, – деді Астана қалалық инвестиция және кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі басқарма басшысының орынбасары Мақсат Жаңабаев. Іскерлік туризм елордада басым бағыт болып белгіленген. Оған қоса оқиғалық туризм де дамуда. Елордалық туризмді дамытудың тағы бір басым бағыты – медициналық туризм саласы.

### ҚЫТАЙДАН ТУРИСТ ТАРТУ ТИІМДІЛІГІ НЕДЕ?

Атаулы жылдағы іс-шаралар туризм саласындағы ынтымақтастықты арттыра түсіп, мемлекетаралық қарым-қатынасты мүлдем жаңа деңгейге көтереді. Ол үшін Қазақстанның да, Қытайдың да орасан зор әлеуеті бар. Сондықтан мамандар жыл сайын 150 млн-нан аса азаматы шет елдерде қыдырып, 250 млрд доллар жұмсайтын қытайлықтардың Қазақстанға көптеп саяхаттауына мүмкіндік беру отандық туризмнің дамуына зор ықпал етеді деп санайды. Тек саяхатшыларды елге тарту үшін инфрақұрылымның сапасын жақсартып, әуе рейстерінің санын көбейту керек. Қазір екі ел арасында 32 тікелей әуе рейсі бар. Рейстер саны биыл өсуі мүмкін. Меже – туристер ағымын 300 мыңға жеткізу.

Қазақстанның Қытайдағы туризмі жылының Бейжіңде ашылу салтанаты кезінде ҚР Туризм және спорт министрлігінің бастамасымен туризм және инвестицияларды дамыту бойынша Қазақстан – Қытай форумы, Қазақстан облыстарының көрмесі, этноауылдағы мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды.

### ВИЗАСЫЗ РЕЖИМ ТУРИЗМДІ ДАМЫТА МА?

Былтыр 10 қарашада екі ел Үкіметтері арасындағы визалық талаптардан өзара босату туралы келісім күшіне енді. Осы келісімнің 1-бабына сәйкес екі елдің азаматтары жеке істерді, туризмді, ем қабылдауды, халықаралық тасымалдарды, транзиттік, сондай-ақ іскерлік мақсаттарды жүзеге асыру үшін визалық талаптардан босатылады. Осылайша, екі елдің азаматтары шекарадан өткеннен кейін көрші елде 30 күн сапарлай алады. Жалпы, 6 ай ішінде (180 күн) күнтізбелік 90 күн визасыз режимсіз жүруге рұқсат етіледі. Ал азаматтарға 30 күннен артық болу қажеттілігі туындаса, тиісті санаттағы кіру визасын алдын ала рәсімдеу қажет. Сондай-ақ визасыз режим жұмысқа орналасуға, оқуға және миссионерлік қызмет жасауға құқық бермейді. Екі ел арасындағы визасыз режимге қатысты қоғамда кереғар пікірлер айтылғанымен, мұның туризм саласына тиімді екенін алға тартатындар да бар.

– Экономикалық тұрғыдан айтқанда, бұл жылдың қазақ еліне пайдалы тұстары да бар. Біріншіден, теңге мен юаньның арасында біраз айырмашылық бар, яғни юань – құнды валюта. Мысалы, біздің елдің азаматтары Қытайға көптеген себеппен, яғни оқу, саяхаттау, емделу, сауда-саттық және туысқандарына баратындар кездеседі. Олар Қытайдың визасын алуға біраз шығындалады. Ал экономикасы өскен Қытай азаматтарына Қазақстан визасын алу қиын емес. Екі елдің де бір-біріне мүдделі тұстары көп. Біздің шикізат оларға қажет, ал біздің олардан алатын затымыз одан да көп. Сондықтан мұны да байқап көрген дұрыс, – дейді экономист Досбол Нұрахмет.

### ЕЛ ТУРИЗМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

«Сын түзелмей, мін түзелмейді». Елге туристерді көптеп тартар болсақ, туризм саласындағы кемшіліктерді түзетпей болмайды. Осы орайда жақында Мәжіліс депутаты Қайрат Балабиев төменгі палатаның жалпы отырысында отандық туризмнің олқылықтарын сынға алды. Ол әсіресе жол сапасына баса көңіл бөлді. Оның айтуынша, еліміздің туризмі түрпайы, жолдары жұпыны, жарығы мен байланысы, сервистік қызметі жоқтың қасы.

– Соның салдарынан табиғаты тамаша аумақтардың игілігін көре алмай келеміз. Өзге елдерде екі қабатты автобус, комфорт такси, лайнермен круиз жасатып жатқанда, бізде дала тұрмақ, қалалар жаңа автобустарға жарымай отыр. Ескірген автобустармен туристерді тасымалдау ұят емес пе?! Бұл көрініс еліміздің беделіне нұқсан келтіретіні белгілі. Біз келген қонақтарға ең жоғары деңгейде қызмет көрсетіп, барынша қолайлы жағдай жасағанда ғана елдегі туризмнің дамуына жол ашып, шетелдіктерді тарта аламыз, – деді ол Премьер-министрдің бірінші орынбасарына жолдаған депутаттық сауалында.

### ӨҢІРЛЕР ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Бұл жылдың өңірлердің дамуы үшін де тиімділігі зор. Өйткені қытайлықтар ең көп саяхаттайтын халық қатарына жатады. Қытай елі 2020 жылға дейін әлем бойынша туризм нарығындағы ең ірі ел саналған. Сырт елдерге шығатындар саны бойынша Қытай әлемдік рекорд орнатып қана қоймай, сапар барысында ең көп қаржы жұмсайтын туристердің санатына кіреді. Ресми статистикаға жүгінсек, қытай жұрты саяхаттап барған елінде кем дегенде 500 доллар жұмсайды екен. Осылайша Қытай саяхатшылары әлем туризмінің тренді саналады. Бұл жергілікті орта және шағын бизнестің дамуына септік етеді.

**ҚЫТАЙ 2023 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛГЕН ТУРИСТЕР САНЫ КӨП ТОП 3 ЕЛДІҢ ҚАТАРЫНДА. ЕЛ АСТАНАСЫНЫҢ ӨЗІНЕ БЫЛТЫР 1,3 МЛН ТУРИСТ КЕЛІП, АЛДЫҢҒЫ ЖЫЛҒА ҚАРАҒАНДА 12 ПАЙЫЗҒА АРТҚАН**

– Шекара жақтан Қытайдың Алтай жағынан Қанас өзені бар. Ол Қанас өзеніне жыл сайын 10 млн турист келеді. Қытайдың ішкі туризмі. Біз сол жағынан Марқакөл, Тарбағатай, Катон-Қарағай жаққа 500 мың турисін алып алсақ деген ойдамыз, – дейді Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаев осы жыл аясында өткен жиында.

Қытайдағы «Қазақстан туризм жылы», ең алдымен, Қазақстанның танымалдылығын арттыруға, елімізді тартымды туристік дестинация ретінде ілгерілетуге көмектеседі. Демек, бұл елдер арасындағы туристік ағынның ұлғаюына, Қазақстанның туристік бағыттарының қонақ үй кешенін толтыруға және отандық туристік пакеттер мен қызметтерге сұраныстың артуына әкеледі. Нәтижесінде мұның бәрі туризм саласында жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді.

### ҚАЗАҚСТАН НЕСІМЕН ТАРТЫМДЫ?

Деректерге сүйенсек, қытайлық туристер арасында қысқы туризм, гастротуризм және экотуризм сұранысқа ие. Қытайдан келетін туристер үшін Алматы қаласы мен Алматы облысы – ең танымал дестинациялар. Көп жағдайда олардың маршруты Орталық Азияның бірнеше елдерін, соның ішінде Қазақстанды қамтиды, сондықтан турлар кезінде олар Астана немесе Алматы және оның төңірегінде болып, одан кейін көрші елдерге саяхаттайды.

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Қайрат Сәдуақасовтың айтуынша, Қазақстан – қытайлық туристер үшін ең тартымды бағыттардың бірі. Қытай – визасыз режимді қолдайтын көршілес ел ғана емес, сонымен қатар «Бір белдеу, бір жол» бастамасының стратегиялық серіктесі. Қазақстан халықаралық туристік картада өзінің экобағыты бойынша ерекшеленеді, яғни туристердің назарына эко, этнотуризм, ойын-сауық және ресми іс-шараларды қамтитын «Eco-Ethnic-Entertainment-Events» концепциясын ұсынады. Елімізде 14 ұлттық парк бар, ал жалпы ерекше қорғалатын аймақтардың аумағы Ұлыбритания аумағымен тең.

– Қазақстан – кез келген саяхатшыны өзінің көшпелі мәдениетімен, ғасырларға жалғасқан тарихымен және бірегей табиғатымен қызықтырады. Еліміздің туристік әлеуеті зор. Біздің мақсатымыз – сол байлықты барлығына қолжетімді ету. Қытай 2023 жылы Қазақстанға келген туристер саны көп топ 3 елдің қатарына енді. Туризм жылының күн тәртібін бизнес режимде және тікелей әуе рейстерінің артқанын ескерсек, осы жылы туристік ағымның көбеюіне сенеміз, – деді ҚР Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев.

### МӘДЕНИЕТ ПЕН ЭКОНОМИКАҒА ӘСЕРІ

Туризм жылы аясында Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени және экономикалық ынтымақтастық нығая түседі. Қытайдағы Қазақстанның туризм жылы сондай-ақ инвестициялық мүмкіндіктерді ашуға мүмкіндік берді. Туризм және инвестициялық форум барысында кәсіпкерлер мен инвесторлар Қазақстан мен Қытай арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған бірқатар меморандумдарға қол қойылған, туризмнен басқа, бұл оқиға Қазақстанның басқа салаларын дамытуға да серпін беруі мүмкін. Мысалы, мәдени алмасу, экспорт-импорт операциялары және кәсіпкерлік байланыстардың кеңеюі сияқты экономикалық әріптестіктер қарқын ала алады. Өзара саяси қарым-қатынастардың жақсаруына да ықпал ететін болады, бұл болашақта екі ел арасындағы әріптестікті одан әрі нығайтуға септігін тигізеді.

### САНЫ ҚАНШАҒА АРТАДЫ?

Қытайдан келетін топтық туризм пандемияға байланысты 2020 жылдың басында тоқтатылған болатын. 2023 жылғы 8 қаңтардан бастап туристер үшін Қытай шекараларының ашылуына және Қытай азаматтары үшін визасыз режимнің қолданылуына байланысты 2022 жылғы шілдеден бастап Қазақстанға кіру үшін 14 күнге дейін (және 2023 жылғы мамырдан бастап 30 күнге дейін) Қазақстанның туристік әлеуетін Қытай аудиториясына ілгерілету қалпына келтірілді. Мысалы, 2023 жылдың 9 айында Қазақстанның орналасу орындары 75,1 мың қытайлық туристке қызмет көрсетті, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2 есе жоғары (37,2 мың адам). Ал «eQonaq» электрондық жүйесінің ақпаратына сәйкес, 2023 жылдың 12 айында Қазақстанға 103 мың қытай азаматы келді, бұл алдыңғы 2022 жылмен салыстырғанда 104% өсімді көрсетіп отыр. Айта кету керек, 2023 жылы 9 айда (қаңтардан қыркүйекке дейін) Қытайға барған қазақстандықтардың саны 200 мыңнан астам адамды құрады. Осылайша, Қытайдан келетіндерге қарағанда, ол жаққа баратын қазақстандықтар саны басымырақ. Биыл Қытайда қазақстандық туризм жылы шеңберінде Қазақстанды Қытай аудиториясы үшін туристік дестинация ретінде ілгерілету жоспарланып отырғанын ескере отырып, 2024 жылы елімізге 500 мыңнан астам туристтер келеді деп күтілсе, одан кейінгі жылдары Қытайдан келетін туристер саны едәуір артады деп болжануда.

### ЖЫЛ АЯСЫНДАҒЫ ЖОСПАРЛАР

Биыл осы салаға жауапты министрлік Қытайдағы Бейжің, Шанхай, Сиань, Үрімші, Чэнду және тағы басқа ірі қалаларда 25-ке жуық іс-шаралар өткізуді жоспарлауда. Соның біріншісі наурыз айында Қытайдағы Қазақстан туризм жылының ашылу салтанаты болды. Үшінші және төртінші тоқсанға Ұлы Жібек жолы мұрасын ілгерілету шеңберінде мәдени іс-шаралар ұйымдастыру, қолөнершілер фестивалін, жергілікті өндірушілердің жәрмеңкелерін, қазақ тағамдарының гастрофестивальдерін өткізу, Қытайдың ірі қалаларында Қазақстанның ұлттық парктерінің туристік әлеуетін паш ету, Алматы және Астана туризм күндерін өткізу және т.б. іс-шаралар көзделуде. Сонымен қатар, Қытайдың жетекші туроператорлары, блогерлері мен журналистері үшін ақпараттық және блог турлар өткізіледі.

Ал Астанада 6 маусымда Қазақстан – Қытай туризм конгресі өтеді. Сонымен қатар қала әкімдігі Бейжіңде Астана қаласының Бизнес форумын өткізеді. Елорданың медициналық ұйымдармен таныстыру, оларға тур ұйымдастыру, Қытайда бас қаланың туризм және мәдениет күндерін өткізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ бас қаланың театр және музыкалық ұжымдары Қытайға гастрольдік сапармен аттанбақ.

Осы жыл аясындағы тағы бір жағымды жаңалық – Қытайдан Алматыға туристік пойыздың жолға шығуы. Оны іске қосу бойынша келіссөзді ҚТЖ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ өкілдері және Сиань үкіметінің делегациясы жүргізді. Тараптар Үрімжі – Алматы-2 бағытындағы №103/104 жолаушылар пойызының жүру кестесіне сәйкес пойыз Қорғас – Алтынкөл шекара өткелі арқылы өтеді деп келісті. Пойыз Алматы-2 станциясында бірнеше күн тұрады. Осы уақыт ішінде қазақстандық тарап жолаушылар үшін теміржол вокзалында қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етіп, мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға жәрдемдесетін болады.

Қазақстанның жылына 4 млн турист қабылдауға қауқары жетеді. Алайда елдегі қонақүйлер жыл бойына жартылай бос тұрады. Сондықтан мамандар осы саланы жақсылап қолға алатын уақыт келгенін айтады. Әзірге Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумы Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің туризм рейтингісінде 117 елдің ішінен 66-орында тұр.

## ДҮЙСЕНБІ
## 20 МАМЫР

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Түркі әлемі». Деректі фильм.
6:30 «Тіршілік»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.
12:10 «Әскери ант». Телехикая.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Әскери ант». Телехикая (жалғасы)
13:20 «ТАТУ-ТӘТТІ». Реалити шоу
15:00 АҚПАРАТ
15:15 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
16:05 «Қанатсыз құстар». Телехикая.
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «ӘСКЕРИ АНТ». Телехикая.
22:15 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
23:10 «1001 ТҮН».
0:45 «Ашық алаң».
1:35 «Сана»
2:40 «Тату-тәтті». Реалити шоу
4:10 «Тіршілік»

05:00 "ПИСЬМА К ДЖУЛЬЕТТЕ"
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ОЯН!"
10:00 "БІЗДІҢ НАЗАРДА"
10:25 КҮНДЕЛІК. "ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ"
10:30 МУЛЬТФИЛЬМ.
11:45 МУЛЬТСЕРИАЛ. "МЕГАМАТО"
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАҒДЫРҒА СЕН 2"
14:00 "ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА"
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ҰЛБОЛСЫН"
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "НАУЧИ МЕНЯ ЖИТЬ"
18:00 НОВОСТИ
18:25 ТОК ШОУ. ИТОГИ
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:25 ТОК ШОУ. ТАЛҚЫ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАҒДЫРҒА СЕН 2"
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. "ҰЛБОЛСЫН"
22:30 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ХАБАРLIKE"
23:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "НАУЧИ МЕНЯ ЖИТЬ"

**ASTANA TV**

06.20 «Ене» үнді телехикаясы
07.10 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Осман 5» түрік телехикаясы
10.10 «Жарық сәулесі» телехикаясы
11.35 «Кеш келген махаббат»
12.50 «Шанъян ханшайым» телехикаясы
13.45 «Қаһарман» телесериал
15.00 «Склифосовский 6» телесериал
17.10 «Искушение» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Осман 5» түрік телехикаясы
21.55 «Қорғаушы ханым»
23.30 «Шанъян ханшайым» телехикаясы
00.20 «Склифосовский 6» телесериал

6:00 «КОНЕЦ ПАРАДА» телехикаясы
7:00 «П@УТINA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:50 Фильм
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ 2»
0:20 Ночной кинотеатр. «СОБОР»
2:35 «KÖREMIZ» бағдарламасы
3:20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:50 «П@УТINA» бағдарламасы

**КТК**

7:05 "ӘНІМ СЕН ЕДІҢ" (қайталау)
7:55 "ЖАТ ТУЫСТАР", отандық телехикая.
10:00 "ПАРАД ЮМОРА", шоу-программа
12:40 "ТОМУ, ЧТО БЫЛО - НЕ БЫВАТЬ"
15:00 "ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ"
18:40 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ. КҮНДЕ".
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 "МАРУСЯ", мелодрама.
23:40 "ОТСТАВНИК"
2:05 "ПАРАД ЮМОРА" (повтор)
3:50 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ" (қайталау)
4:30 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ.КҮНДЕ" (қайталау)
5:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

**31**

06:00 Әзіл студио
07:00 Күліп ALL
08:00 TikTok show
08:30 Time Vine
09:00 Мультсериал «Маша и медведь»
09:30 «Стартрек: Бесконечность» (повтор)
12:10 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
15:20 «Телохранитель киллера» (повтор)
18:00 КИНО. Уилл Смит в фантастическом боевике «Люди в черном 2»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 КИНО. Джонни Уэстон в фантастическом триллере «Континуум»
23:20 «Ханзада Жумонг» телехикаясы (повтор)
02:00 «31 әзіл»
02:30 Time Vine
02:50 TikTok show
03:20 What's up?
03:50 1001 Әзіл
04:00 «Қырсық ханзада» телехикаясы

**7**

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
6:30 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ ХИКАЯ».
8:10 Жұлдыздар шеруі
9:00 "ПО ВЕЛЕНИЮ СЕРДЦА" Телесериал.
11:00 "Вангелия" Телесериал. 9-10 серия
13:00 "Нити судьбы" Телесериал. 9-10 серии 2016, Украина
14:50 "Әке мен әке" Телехикая 1-бөлімі
15:40 Жұлдыздар шеруі
17:40 "АЛДАНҒАН ӘЙЕЛ" Телехикая.
19:30 "ВАНГЕЛИЯ" Телесериал.
21:30 "НИТИ СУДЬБЫ" Телесериал.
23:20 Әзіл MAN
0:30 «Махаббат, қызық хикая».
2:10 «Бастық боламын»
3:30 «Тойlike»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)
08.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ»
09.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.30 «КУНГ-ФУ ПАНДА: УДИВИТЕЛЬНЫЕ ЛЕГЕНДЫ» (мультсериал)
10.00 «МИР НАИЗНАНКУ 6» (трэвел-шоу)
11.00 ШОУ «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ» (каз. Түркия)
17.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
17.35 «РЕВЮ NEWS» (каз.)
17.50 ШОУ «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
19.30 ШОУ «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «СНАЙПЕР: МИССИЯ «ИЗГОЙ» (боевик, Чад Коллинз, Райан Роббинс)
22.20 «АПАЧИ- ДЖАНКШЕН» (вестерн, Стюарт Таунсенд, Томас Джейн)
00.30 «РЕВЮ NEWS» (каз.)
00.15 Телехикая «СҮЙІКТІМ» (каз.)
01.05 «Қызық Live» (каз.)
01.50 «ОПМАЙ, ОПМАЙ» (каз.)
03.10 «INSTA TV» (каз.)
04.00 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

## СЕЙСЕНБІ
## 21 МАМЫР

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Түркі әлемі». Деректі фильм.
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.
12:10 «Әскери ант». Телехикая.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Әскери ант». Телехикая (жалғасы)
13:20 «ТАТУ-ТӘТТІ». Реалити шоу
15:00 АҚПАРАТ
15:15 «Ақорда»
15:30 «ІНЖУ-МАРЖАН»
16:05 «Қанатсыз құстар». Телехикая.
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «Сұңқар». Телехикая.
22:15 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
23:10 «1001 ТҮН».
0:10 АҚПАРАТ
0:45 «Ашық алаң».
1:35 «Сана»
2:40 «Тату-тәтті». Реалити шоу
4:10 «Түркі әлемі». Деректі фильм

05:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ПӘЛЕНШЕЕВТЕР"
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ОЯН!"
10:00 "НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ"
10:25 КҮНДЕЛІК. "ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ"
10:30 МУЛЬТФИЛЬМ. "СЕМЕЙКА БИГФУТОВ"
11:45 МУЛЬТСЕРИАЛ. "МЕГАМАТО"
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАҒДЫРҒА СЕН 2"
14:00 "ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА"
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ҰЛБОЛСЫН"
16:00 "УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА"
18:00 НОВОСТИ
18:25 ТОК ШОУ. ИТОГИ
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:25 ТОК ШОУ. ТАЛҚЫ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАҒДЫРҒА СЕН 2"
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАСҚЫН"
22:30 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ХАБАРLIKE"
23:30 "УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА"

**ASTANA TV**

06.20 «Ене» үнді телехикаясы
07.10 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Осман 5» түрік телехикаясы
10.10 «Жарық сәулесі» телехикаясы
11.00 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
12.50 «Шанъян ханшайым» телехикаясы
13.45 «Қаһарман» телесериал
15.00 «Склифосовский 6» телесериал
17.10 «Искушение»телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Осман 5» түрік телехикаясы
21.55 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
23.30 «Шанъян ханшайым» телехикаясы
00.20 «Склифосовский 6» телесериал

6:00 «КОНЕЦ ПАРАДА» телехикаясы
7:00 «П@УТINA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:15 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:55 «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА»
14:00 «НОВОСТИ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ 2»
0:20 Ночной кинотеатр. «СОБОР»
2:35 «KÖREMIZ» бағдарламасы
3:50 «П@УТINA» бағдарламасы

**КТК**

7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 "ЖАТ ТУЫСТАР", отандық телехикая.
8:40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
9:20 "БЫЛО ДЕЛО"
10:20 "ИГРЫ ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ВОЗРАСТА"
11:20 "ОТСТАВНИК", остросюжетный детектив (повтор)
13:45 "МАРУСЯ", мелодрама (повтор)
15:40 "ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ", өзбек телехикаясы.
18:40 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ. КҮНДЕ".
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 "МАРУСЯ", мелодрама.
23:40 "ОТСТАВНИК"
2:10 "ИГРЫ ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ВОЗРАСТА", мелодрама (повтор)
3:00 "БЫЛО ДЕЛО" (повтор)
3:40 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ" (қайталау)
4:30 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ.КҮНДЕ"
5:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

**31**

06:00 Әзіл студио
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 TikTok show
08:30 Time Vine
09:00 Мультсериал «Маша и медведь»
09:30 «Континуум» (повтор)
12:00 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
15:10 TikTok show
15:30 «Люди в черном 2» (повтор)
17:30 «Терминатор»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 КИНО. Брюс Уиллис в боевике «Жажда смерти»
23:20 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
02:00 «31 әзіл»
02:30 Time Vine
02:50 TikTok show
03:20 What's up?
03:50 1001 Әзіл
04:00 «Қырсық ханзада» телехикаясы

**7**

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
6:30 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ ХИКАЯ». 74-75 бөлімі (Түркия, 2016 ж.)
8:10 Жұлдыздар шеруі
9:00 "ПО ВЕЛЕНИЮ СЕРДЦА"
11:00 "Вангелия" Телесериал.
13:00 "Нити судьбы" Телесериал.
14:50 "Әке мен әке" Телехикая 2-бөлімі
15:40 Жұлдыздар шеруі
17:40 "АЛДАНҒАН ӘЙЕЛ" Телехикая.
19:30 ПРЕМЬЕРА! "ЗУЛЕЙХА ОТКРЫВАЕТ ГЛАЗА" Телесериал. 1-2 серия
21:30 "НИТИ СУДЬБЫ" Телесериал.
23:20 Әзіл MAN
0:30 «Махаббат, қызық хикая».
2:10 «Бастық боламын»
3:30 «Тойlike»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)
08.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ»
09.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
09.30 «КУНГ-ФУ ПАНДА» (мультсериал)
10.00 «МИР НАИЗНАНКУ 6» (трэвел-шоу)
11.00 ШОУ «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ»
17.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
17.35 «РЕВЮ NEWS» (каз.)
17.50 ШОУ «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
19.30 ШОУ «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «ИГРЫ КИЛЛЕРОВ»
22.20 «ОДИН ПУТЬ»
00.30 «РЕВЮ NEWS» (каз.)
00.15 Телехикая «СҮЙІКТІМ» (каз.)
01.05 «Қызық Live» (каз.)
01.50 «ОПМАЙ, ОПМАЙ» (каз.)
03.10 «INSTA TV» (каз.)
04.00 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

## СӘРСЕНБІ
## 22 МАМЫР

**QAZAQSTAN**

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «ТҮРКІ ӘЛЕМІ». ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ.
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «СҰҢҚАР». ТЕЛЕХИКАЯ.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «СҰҢҚАР». ТЕЛЕХИКАЯ (ЖАЛҒАСЫ)
13:20 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ
15:00 АҚПАРАТ
15:15 «ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ»
16:05 «ҚАНАТСЫЗ ҚҰСТАР». ТЕЛЕХИКАЯ.
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ». ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТОК-ШОУ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР.
21:25 «СҰҢҚАР». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «БАУЫРЛАР». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:10 «1001 ТҮН». ҚОҒАМДЫҚ БАҒДАРЛАМА. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
0:10 АҚПАРАТ
0:45 «АШЫҚ АЛАҢ». ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТОК-ШОУ.
1:35 «САНА»
2:40 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ
4:10 «ТҮРКІ ӘЛЕМІ». ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ.

05:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ПӘЛЕНШЕЕВТЕР"
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ОЯН!"
10:00 "NEOСЕТЬ"
10:20 КҮНДЕЛІК. "ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ"
10:25 МУЛЬТХИКАЯ. "СӨЙЛЕЙТІН ТОМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДОСТАРЫ"
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАҒДЫРҒА СЕН 2"
14:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА"
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАСҚЫН"
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА"
18:00 НОВОСТИ
18:25 ТОК ШОУ. ИТОГИ
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:25 ТОК ШОУ. ТАЛҚЫ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАҒДЫРҒА СЕН 2"
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАСҚЫН"
22:30 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ХАБАРLIKE"
23:30 "УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА"

**ASTANA TV**

06.20 «ЕНЕ» ҮНДІ ТЕЛЕХИКАЯСЫ
07.10 «МАША И МЕДВЕДЬ»
09.00 «ОСМАН 5» ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ
10.10 «ҚОРҒАУШЫ ХАНЫМ»
12.00 «КЕШ КЕЛГЕН МАХАББАТ»
12.50 «ШАНЪЯН ХАНШАЙЫМ»
13.45 «ҚАҺАРМАН» ТЕЛЕСЕРИАЛ
15.00 «СКЛИФОСОВСКИЙ 6»
17.10 «ИСКУШЕНИЕ»ТЕЛЕСЕРИАЛ
20.00 «ASTANATIMES»
21.00 «ОСМАН 5» ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ
21.55 «ҚОРҒАУШЫ ХАНЫМ»
23.30 «ШАНЪЯН ХАНШАЙЫМ»
00.20 «СКЛИФОСОВСКИЙ 6»

6:00 «КОНЕЦ ПАРАДА» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
7:00 «П@УТINA» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:15 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
11:05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:55 «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ ВЫП
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» БАҒДАРЛАМАСЫ
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ 2».
22:05 «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ 3»
0:20 «ТАНГО ДЛЯ ОДНОЙ»
2:20 «KÖREMIZ» БАҒДАРЛАМАСЫ
3:05 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:35 «П@УТINA» БАҒДАРЛАМАСЫ

**КТК**

7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
7:30 "ЖАТ ТУЫСТАР"
8:40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (ПОВТОР)
9:20 "БЫЛО ДЕЛО"
10:20 МЕЛОДРАМА
11:20 "ОТСТАВНИК"
13:45 "МАРУСЯ", МЕЛОДРАМА
15:40 "ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ"
18:40 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ. КҮНДЕ".
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ТОК-ШОУ.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 "МАРУСЯ", МЕЛОДРАМА.
23:40 "ОТСТАВНИК"
2:10 МЕЛОДРАМА (ПОВТОР)
3:00 "БЫЛО ДЕЛО" (ПОВТОР)
3:40 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ" (ҚАЙТАЛАУ)
4:30 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ.КҮНДЕ"
5:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

**31**

06:00 ӘЗІЛ СТУДИО
07:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
08:00 TIKTOK SHOW
08:30 TIME VINE
09:00 «КОМАНДА «МСТИТЕЛИ»
09:30 «ТЕРМИНАТОР» (ПОВТОР)
12:00 «ХАНЗАДА ЖУМОНГ»
15:10 TIKTOK SHOW
15:40 «ЖАЖДА СМЕРТИ» (ПОВТОР)
17:50 «АНАКОНДА 2»
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 «ХЭНКОК»
23:00 «ХАНЗАДА ЖУМОНГ»
01:40 «31 ӘЗІЛ»
02:00 TIME VINE
02:30 TIKTOK SHOW
03:00 WHAT'S UP?
03:30 ӘЗІЛ СТУДИО
03:50 1001 ӘЗІЛ
04:00 «ҚЫРСЫҚ ХАНЗАДА»

**7**

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
6:30 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ ХИКАЯ». 76-77 бөлімі (Түркия, 2016 ж.)
8:10 Жұлдыздар шеруі
9:00 "БУДЬ ЧТО БУДЕТ" Телесериал.
11:00 "Зулейха открывает глаза"
13:00 "Нити судьбы" Телесериал.
14:50 "Әке мен әке" Телехикая 3-бөлімі
15:40 Жұлдыздар шеруі
17:40 "АЛДАНҒАН ӘЙЕЛ" Телехикая. 19-20 бөлімі (Қытай, 2023 ж.)
19:30 "ЗУЛЕЙХА ОТКРЫВАЕТ ГЛАЗА"
21:30 "НИТИ СУДЬБЫ" Телесериал.
23:20 Әзіл MAN
0:30 «Махаббат, қызық хикая».
2:10 «Бастық боламын»
3:30 «Тойlike»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)
08.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ» (каз. Туркия)
09.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.30 «КУНГ-ФУ ПАНДА: УДИВИТЕЛЬНЫЕ ЛЕГЕНДЫ» (мультсериал)
10.00 «МИР НАИЗНАНКУ 6» (трэвел-шоу)
11.00 ШОУ «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ» (каз. Туркия)
17.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
17.35 «РЕВЮ NEWS» (каз.)
17.50 ШОУ «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
19.30 ШОУ «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «СОЛТ» (боевик, Анджелина Джоли, Лив Шрайбер)
22.20 «ОТРЯД ФОКСТРОТ» (фантастический боевик, Ока Антара, Арифин Путра)
01.00 «РЕВЮ NEWS» (каз.)
01.15 Телехикая «СҮЙІКТІМ» (каз.)
02.05 «Қызық Live» (каз.)
02.45 «ОПМАЙ, ОПМАЙ» (каз.)
03.30 «INSTA TV» (каз.)
04.00 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## БЕЙСЕНБІ
## 23 МАМЫР

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Мұра». Деректі фильм.
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.
12:20 «Сұңқар». Телехикая.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Сұңқар». Телехикая (жалғасы)
13:20 «ТАТУ-ТӘТТІ». Реалити шоу
15:00 АҚПАРАТ
15:15 «ОТАНДАСТАР»
16:05 «Қанатсыз құстар». Телехикая.
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «Сұңқар». Телехикая.
22:15 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
23:10 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0:10 АҚПАРАТ
0:45 «Ашық алаң». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
1:35 «Сана»
2:40 «Тату-тәтті». Реалити шоу
4:10 «Мұра». Деректі фильм.

05:00 Телехикая. "Пәленшеевтер 2"
07:00 Тікелей эфирде "Оян!"
10:00 "Культурный контекст"
10:35 Күнделік. "Ұлы дала жорығы"
10:40 Мультсериал. "Монсики"
12:00 Телехикая. "Тағдырға сен 2"
14:00 "Қарлығаш ұя салғанда 2"
15:00 Телехикая. "Тасқын"
16:00 Телесериал. "Улыбка пересмешника"
18:00 Новости
18:25 Ток шоу. Итоги
19:00 Жаңалықтар
19:25 Ток шоу. Талқы
20:00 Телехикая. "Тағдырға сен 2"
21:45 Телехикая. "Тасқын"
22:30 Тікелей эфирде "Хабарlike"
23:30 "Улыбка пересмешника"

**ASTANA TV**

06.20 «Ене» үнді телехикаясы
07.10 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Осман 5» түрік телехикаясы
10.10 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
12.00 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
12.50 «Шанъян ханшайым» телехикаясы
13.45 «Қаһарман» телесериал
15.00 «Склифосовский 6» телесериал
17.10 «Искушение»телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Осман 5» түрік телехикаясы
21.55 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
23.30 «Шанъян ханшайым» телехикаясы
00.20 «Склифосовский 6» телесериал

---

**СУРЕТ СЫРЫ**

# «ДОС-МҰҚАСАН» – ЕСІЛ ӨҢІРІНДЕ

«Дос-Мұқасан» вокалды-аспапты ансамблі 1975 жылы 4-5 қыркүйекте Целиноград қаласындағы Жастар сарайының ашылу рәсімінде өз тыңдаушыларын сүйсіндірген, бұдан кейін де тың игерушілер алдында бірнеше концерт қойған болатын.

Әнші-композитор Мұрат Құсайынов жетекшілік еткен өнерпаздар Целиноград облысына гастрольдік сапармен 1989 жылы апрель айында «Құстың самғауы» атты жаңа музыкалық бағдарламамен келді.

Орындалған әндер мен музыкалық шығармаларда Арал, сел, тіл проблемалары қозғалады. Концерттік қойылымның идеясы – қазіргі болмысымызға құс қанаты талған биіктіктен қарап, оған тереңірек бойлау ниетінен туған.

Репертуардан жаңа әндермен қатар, электрлі музыка аспаптарына лайықталып өңделген халық әндері де берік орын алған. Целиноградта 1989 жылы 1 сәуір күні «Целинный» кинотеатрында кешкісін екі концерт қойды. «Досмұқасан» осы сапарында Атбасар, Державин, Жақсы, Қима аудандарында да өнер көрсетті.

**Ғазиза ИСАХАН**





# ӘЛЕМДІ ӘНМЕН ТЕРБЕГЕН

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының камералық залында композитор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Төлеген Мұхамеджанов Қазақстан Композиторлар одағының 85 жылдығына арналған «Менің жан серпінім!» авторлық кеші өтті.

Төлеген Мұхамеджанов – белгілі композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Симфониялар, опералар, музыкалық комедиялар, ішекті квартеттер, симфониялық шығармалар, Абай өлеңдеріне арналған вокалдық топтамалар, романстар, әндер, кино мен театрға арналған музыкалардың авторы. Ол Алматы және Мәскеу консерваторияларында, алма-матерде оқытушылық қызметін атқарды, оның басшылығымен Қазақстанның ірі мәдени мекемелері жұмыс істеді, оның басшылығымен еліміздің көптеген шығармашылық ұжымдары пайда болды. Төлеген Мұхамеджанұлының республиканың мәдениеті мен өнерін дамытуға қосқан үлесі орасан зор.

Филармонияның камералық залында өткен композитордың концерттік бағдарламасында филармония орындаушылары, виртуоз-аспапшылар мен камералық ансамбльдер камералық-аспаптық және вокалдық шығармаларды орындады.

Ғ.Жұбанованы еске алуға арналған № 1 ішекті квартетті композитор елдегі бірегей камералық ұжым - Ғ.Жұбанова атындағы Мемлекеттік ішекті квартет үшін арнайы жазған және көрнекті композитор Ғазиза Жұбанованы еске алуға арналған. Квартеттің көркемдік жетекшісі – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ернар Мыңтаев.

Фортепианоға арналған «Мимолетности» фортепиано триосын FORTE TRIO ҚР Мемлекеттік триосы орындады. Көркемдік жетекшісі – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Тимур Урманчеев.

Жеке флейтаға арналған сонатинаны Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бекболат Байсағатов тамаша орындап, көрермендерді сүйсінтті.

«7 стихотворений Ли-Бо» вокалдық топтамасымен халық алдына шыққан Қазақстан мен Татарстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, сирек сопрано иесі Нұржамал Үсенбаева ғажайып әсер қалдырды. Елордалық көрермендер Абай өлеңдеріне арналған вокалдық топтаманы «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Алтынбек Әбілданың орындауында тамашаласа, «Мимолетности» композициясын халықаралық байқаулардың лауреаты Зарина Акаева фортепианода орындады.

Вокалдық топтамалар концертмейстері ретінде Мәдениет саласының үздігі, классикалық вокал бөлімінің көркемдік жетекшісі Роза Шотқалиева өнер көрсетті.



# ЖАСТАР ТЕАТРЫ – ТҮРКИЯДА

Астанадағы Жастар театрының талантты ұжымы 2024 жылдың 1-10 мамыр аралығында Түркия мемлекетінің Трабзон қаласында өтетін XXIV Халықаралық Қара теңіз жағалауы театрлар фестиваліне қатысты. Жастар театры Түркияның төрінде махаббат жайында тамаша мюзиклді көрермен назарына ұсынды.

16 жылдық тарихында 16 Гран-при жүлдесін иеленген Жастар театрының өнерпаздары 3-4 мамыр күні Т.Ахметжанның «Таптым. Ғашық болдым. Жоғалттым» мюзиклін сахналады.

Көл жағасына демалуға келген жас жігіт жағалаудан өзінің қиялындағы аруын жолықтырады. Алайда махаббат бар жерде қарсылықтың да қатар жүретін аксиомасы бұл оқиғадан да айналып өтпейді, сұлудың некелі жары бар екен.

Иә, махаббат бар жерде қарсылық қатар жүреді. Қайшылықпен бетпе-бет келгенде, сезімнің де, өнердің де ішкі қарсылық қалыптастырары сөзсіз. Махаббат қолжетімсіз болған сайын, оған деген ессіз құштарлықтың өрши түсері – өмір заңдылығы. Міне, осы шарасыздықтың шыңында ұлы сезім – махаббат тұр.

Сөзбен айтып жеткізгісіз сезімдердің әсері музыка тілінде үн қатқанда тіпті күшейе түспек. Жүрек қылын шертер мұңлы да сырлы әуен тербеген ғашықтардың махаббат хикаясы көрерменін де бей-жай қалдырмасы анық.

Қазақ тілінде қойылған спектакльдердің түрікше нұсқасы арнайы экран арқылы көрсетіліп отырды.

Жастар театрының ұжымы табиғаты тамаша Түркия елінің ауасымен тыныстап, өз өнерлерін көрсетіп, өнер сапарынан тәжірибе жинақтап, жақсы әсермен қайтты.

Дайындаған **Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

# ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ

Астанада топтық эстетикалық гимнастикадан ел чемпионаты басталды.



Эстетикалық гимнастика – Қазақстанда енді ғана дамып келе жатқан спорт түрі. Көркем гимнастикаға ұқсас бұл спорттың өзіндік ерекшеліктері бар. Біріншіден, сайыс барысында ешқандай құрал қолданылмайды. Екіншіден, топтық сайыс болғандықтан, командада кемі 6 адам өнер көрсетеді. Үшіншіден, бұл спорт түрімен айналысу үшін қатты талап қойылмайды әрі көркем гимнастикаға қарағанда ұзақ мерзімде айналысуға болады.

Жарыстың бас төрешісі Заира Жақыпованың айтуынша, Қазақстан чемпионаты жылына бір мәрте ұйымдастырылады.

– Биылғы жарысқа 8 облыстан спортшылар қатысып жатыр. Өткен жылы 5 облыстың спортшылары келген, биыл қатысушылар қатары артты. Турнирде ұзақ бағдарлама бойынша жас ерекшеліктеріне қарай 260 адам жүлдеге таласуда. Қысқа бағдарлама 1,5 минутты қамтыса, ұзақ бағдарлама 3,5 минутқа дейін жалғасады. Турнирдің нәтижесінде күзде Гонконгте өтетін Азия чемпионатына баратын үздіктер іріктеледі, – деді бас төреші.

Жалпы, эстетикалық гимнастикадан Қазақстан құрамасы 2019 жылдан бастап жыл сайынғы әлем чемпионатына тұрақты түрде қатысып келеді. 2022 жылы Аустриядағы жаһандық додада командалық сайыс бойынша қола жүлдеге ие болса, 2023 жылы Азия құрлығынан Алматы қаласы бірінші мәрте 16 мемлекеттің қатысуымен әлемдік бәсекені өз жерінде қабылдауға мүмкіндік алды. Нәтижесінде жасөспірімдер санатында Астана қаласының «Самұрық» командасы бірінші рет қола жүлдегер атанған еді.

Эстетикалық гимнастикаға қатысатындар тек қана көркем гимнастиканың элементтерін ғана емес, спорттық гимнастика, би жағынан да шеберліктерін шыңдай алады.

# ЭРИКАНЫҢ КЕЗЕКТІ ЖЕҢІСІ

Елордалық көркем гимнаст Эрика Жайлауова Португалияда өткен Әлемдік шақыру кубогінің финалында күміс жүлдеге ие болды.

Көпсайыс қорытындысы бойынша Э.Жайлауова 7-орыннан көрінді. Ал жекелеген жаттығулар бойынша өткен финалда спортшымыз жүлдегерлер қатарынан көрінді. Эрика доп жаттығуында күміс алса, шығыршықпен жаттығуда 4-орынға табан тіреді.

2022 жылы Тайландтың Паттайя қаласында өткен Азия чемпионатында Эрика алғаш рет ересектер арасында жарысқа қатысып, командалық сайыста алтын, лентамен жаттығу бойынша күміс медаль еншіледі. Содан бері ол шеберлігін шыңдап, халықаралық турнирлерде табысты өнер көрсетіп келеді.



www.astana-akshamy.kz
**Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

**Тапсырыс №58**

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

**Редакция мекенжайы:** 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

**Қабылдау бөлмесі:** тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

**aqsham1990@mail.ru**

Кезекші редактор – **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**